**Уақытша әкелу туралы конвенцияны ратификациялау туралы**

Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 3 қарашадағы № 346-IV Заңы

**1-бап**. 1990 жылғы 26 маусымда Стамбулда жасалған Уақытша әкелу туралы конвенция ратификациялансын.

**2-бап**. Қазақстан Республикасы Конвенцияның 24-бабының 4-тармағына сәйкес Конвенцияның:

A. «Уақытша әкелу құжаттары туралы (АТА карнеттері мен CPD карнеттері)»;

B.1. «Көрмелерде, жәрмеңкелерде, конференцияларда немесе осыған ұқсас іс-шараларда көрсетуге немесе пайдалануға арналған тауарлар туралы»;

B.2. «Кәсіби жабдық туралы»;

B.3. «Контейнерлер, тұғырлар, орамдар, үлгілер және коммерциялық операцияларға байланысты әкелінген басқа да тауарлар туралы»;

B.5. «Білім беру, ғылыми немесе мәдени мақсаттар үшін әкелінген тауарлар туралы»;

B.6. «Туристердің жеке мүлкі мен спортпен шұғылдану мақсатында әкелінетін тауарлар туралы»;

B.7. «Туристік жарнамалық материал туралы»;

«Қазақстан Республикасы өзін D қосымшасының 4-бабы 1-тармағының және D қосымшасына Толықтырудың 12, 13-тармақтарының ережелеріне байланысты деп санамайды» деген ескертпелермен D. «Жануарлар туралы» қосымшаларын қабылдайды.

*Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаев*

# УАҚЫТША ӘКЕЛУ ТУРАЛЫ КОНВЕНЦИЯ
# (Стамбул, 1990 жылғы 26 маусым)

## КІРІСПЕ

Кедендік ынтымақтастық кеңесінің аясында әзірленген осы Конвенцияның УАҒДАЛАСУШЫ ТАРАПТАРЫ,

уақытша әкелу туралы халықаралық кедендік конвенциялар санының өсуімен және ыдыраңқылығымен ерекшеленетін қазіргі жағдай қанағаттанғысыз болып табылатындығы фактісін АЙТА ОТЫРЫП,

болашақта, уақытша әкелудің жаңа объектілерін халықаралық регламенттеуді

жүзеге асыруға тура келгенде бұл жағдай бұдан да нашарлауы мүмкін деп САНАЙ ОТЫРЫП,

сауда және басқа да мүдделі топтар өкілдерінің уақытша әкелуге байланысты формальдылықтарды орындауды оңайлатуға қатысты тілектерін ЕСКЕРЕ ОТЫРЫП,

кеден режимдерін оңайлату мен үйлестіру және оның ішінде, уақытша әкелу туралы қолданыстағы барлық конвенцияларды қамти алатын бірыңғай халықаралық шарт қабылдау уақытша әкелуге қатысты қолданыстағы халықаралық қаулыларға қол жеткізуді жеңілдете және халықаралық сауда мен халықаралық алмасудың басқа да нысандарының дамуына тиімді ықпал ете алады деп САНАЙ ОТЫРЫП,

уақытша әкелу саласында біркелкі ережелерді ұсынатын халықаралық шарт халықаралық алмасулар кезінде айтарлықтай пайда әкеле және Кедендік ынтымақтастық кеңесінің негізгі мақсаттарының бірі болып табылатын кедендік режимдерді одан әрі оңайлата және үйлестіре алатындығына КӨЗ ЖЕТКІЗЕ ОТЫРЫП,

экономикалық, гуманитарлық, мәдени, әлеуметтік және туристік мақсаттарға қол жеткізу мақсатында рәсімдерді оңайлату және үйлестіру жолымен уақытша әкелуді жеңілдетуге ШЕШІМ ҚАБЫЛДАЙ ОТЫРЫП,

халықаралық кепілдікпен қатар халықаралық кедендік құжаттар ретінде уақытша әкелу туралы құжаттардың стандартталған түрлерін қабылдау кедендік құжат және кепілдік талап етілетін жағдайларда уақытша әкелу рәсімдерін жеңілдетуге ықпал ететін болады деп САНАЙ ОТЫРЫП,

мыналар туралы УАҒДАЛАСТЫ:

## I тарау Жалпы ережелер

### Анықтамалар

### 1-бап

Осы Конвенцияны қолдану мақсатында төменде келтірілген терминдердің мынадай мағыналары бар:

а) «уақытша әкелу» -

белгілі бір мақсатпен әкелінетін және белгілі бір мерзімде оларды пайдалану нәтижесінде табиғи тозуды қоспағанда, қандай да бір өзгеріссіз әкетілетін кейбір тауарларды (көлік құралдарын қоса алғанда) әкелу баждары мен алымдарды төлеуден шартты түрде босата отырып және импортқа экономикалық сипаттағы тыйым салуларды немесе шектеулерді қолданбастан кедендік аумаққа әкелуге мүмкіндік беретін кедендік режим;

b) «әкелу баждары мен алымдар» -

тауарларды (көлік құралдарын қоса алғанда) әкелу кезінде немесе әкелуге байланысты алынатын кедендік баждар мен барлық басқа да баждар, салықтар, алымдар және өзге де сомалар, бірақ көрсетілген қызметтердің шамамен алғандағы құнының көлемі бойынша шектелген төлемдер мен алымдарды қоспағанда;

c) «кепілдік» - бұл кеденді қанағаттандыруда оған қатысты қандай да бір міндеттемені орындауды қамтамасыз ету. Кепілдік бірнеше операциялар бойынша міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етсе, ол жалпы болып саналады;

d) «уақытша әкелу туралы құжат» - кедендік декларацияға теңестірілген, тауарларды (көлік құралдарын қоса алғанда) сәйкестендіруге мүмкіндік беретін және әкелу баждары мен алымдарды төлеуге халықаралық-қолданыстағы кепілдікті қамтитын халықаралық кедендік құжат;

e) «кеден немесе экономикалық одақ» - осы Конвенцияның 24-бабының 1-тармағында айтылған ұйымдардың мүшелері құрған немесе ұйымдастырған және аталған Конвенциямен реттелетін мәселелерде өз мүшелері сақтауы үшін міндетті өзінің дербес заңнамасын қабылдауға, сондай-ақ өзінің ішкі рәсімдеріне сәйкес осы Конвенцияға қол қоюға, оны ратификациялауға немесе оған қосылуға қатысты шешімдер қабылдауға өкілетті одақ;

f) «тұлға» - егер түпмәтіннен өзгеше мағына туындамаса, жеке немесе заңды тұлға;

g) «Кеңес» - 1950 жылғы 15 желтоқсанда Брюссельде жасалған Кедендік ынтымақтастық кеңесін құру туралы конвенцияға сәйкес құрылған ұйым;

h) «ратификация» - ратификация, қабылдау немесе мақұлдау.

## II тарау

## Конвенцияның қолданылу аясы

### 2-бап

1. Әрбір Уағдаласушы Тарап осы Конвенцияда көзделген шарттармен осы Конвенцияға қосымшаларда сөз болатын тауарларды (көлік құралдарын қоса алғанда) уақытша әкелуге рұқсат беруге міндеттенеді.

2. Е қосымшасының ережелері үшін нұқсан келтірместен, уақытша әкелуге әкелу

баждары мен алымдарды төлеуден шартты түрде толық босату кезінде және импортқа экономикалық сипаттағы тыйым салулар мен шектеулерді қолданбастан рұқсат беріледі.

## Қосымшалардың құрылымы

## 3-бап

Әдетте, осы Конвенцияға әрбір қосымша:

a) осы қосымшада пайдаланылатын негізгі кедендік терминдердің анықтамаларын;

b) осы қосымшада сөз болып отырған тауарларға (көлік құралдарын қоса алғанда) қолданылатын ерекше ережелерді қамтиды.

## III тарау Ерекше ережелер

## Құжат және кепілдік

## 4-бап

1. Егер қосымшада өзгеше көзделмесе, әрбір Уағдаласушы Тараптың тауарларды (көлік құралдарын қоса алғанда) уақытша әкелуді кедендік құжатты көрсетумен және кепілдік ұсынуымен негіздеуге құқығы бар.

2. Осы баптың 1-тармағына сәйкес кепілдік талап етілетін жағдайда уақытша әкелуге байланысты операциялармен ұдайы айналысатын адамдарға жалпы кепілдік ұсынуға рұқсат берілуі мүмкін.

3. Қандай да бір қосымшада көзделген өзге ережелерді қоспағанда, бұл кепілдіктің сомасы өндіріп алу кейінге қалдырылған әкелу баждары мен алымдардың сомасынан аспауы керек.

4. Ұлттық заңнамада көзделген импортқа тыйым салулар мен шектеулер таралатын тауарларға (көлік құралдарын қоса алғанда) ұлттық заңнаманың ережелерін қанағаттандыратын қосымша кепілдік талап етілуі мүмкін.

## Уақытша әкелу туралы құжаттар

## 5-бап

Е қосымшасында көрсетілген уақытша әкелу операциялары үшін нұқсан келтірместен, әрбір Уағдаласушы Тарап өздерінің ұлттық кедендік құжаттарының

орнына және кепілдік ретінде А қосымшасының 8-бабында айтылған сомаларды, ол қабылдаған басқа да қосымшалардың ережелеріне сәйкес уақытша әкелінген тауарлар ( көлік құралдарын қоса алғанда) үшін көрсетілген қосымшада белгіленген шарттарға сәйкес берілген және пайдаланылатын, оның аумағында күші бар кез келген уақытша әкелу туралы құжатты қабылдайды.

## Сәйкестендіру

## 6-бап

Әрбір Уағдаласушы Тарап тауарларды (көлік құралдарын қоса алғанда) уақытша әкелуді уақытша әкелудің аяқталуы бойынша оларды сәйкестендіру мүмкіндігімен негіздей алады.

## Кері экспорттау мерзімі

## 7-бап

1. Уақытша әкелу рәсіміне сәйкес әкелінген тауарлар (көлік құралдарын қоса алғанда) оларды уақытша әкелу мақсатына жету үшін жеткілікті белгілі бір мерзім ішінде кері экспорттауға жатады. Бұл мерзім әрбір қосымшада жеке айтылады.

2. Кеден органдары не әрбір қосымшада көзделген мерзімнен әкетудің неғұрлым кеш мерзімін белгілей алады, не бастапқы мерзімді ұзарта алады.

3. Уақытша әкелу рәсіміне сәйкес әкелінген тауарлар (көлік құралдарын қоса алғанда) оларға тыйым салу және бұл тыйым жеке тұлғалардың талабы бойынша салынбауының салдарынан кері әкетілуі мүмкін болмаған жағдайда оларды кері экспорттау туралы міндеттеменің қолданылуы бұл тыйым салудың мерзіміне тоқтатыла тұрады.

## Уақытша әкелу құқығын беру

## 8-бап

Әрбір Уағдаласушы Тарап, бұл туралы өтініш бойынша кез келген басқа адамдарға, егер ол адам:

a) осы Конвенцияда көзделген шарттарды қанағаттандыратын болса, және

b) бастапқыда уақытша әкелу режимінің жеңілдіктері таратылған адамның міндеттерін өзіне алса, уақытша әкелу режимін қолдану құқығын беруге рұқсат бере алады.

**Уақытша әкелу режимінің қолданылуын тоқтату**

**9-бап**

Уақытша әкелу режимінің қолданылуы әдетте уақытша әкелу рәсіміне сәйкес әкелінген тауарларды (көлік құралдарын қоса алғанда) кері экспорттаумен тоқтатылады .

**10-бап**

Уақытша әкелу рәсіміне сәйкес әкелінген тауарлар (көлік құралдарын қоса алғанда) бір немесе бірнеше партиямен кері әкетілуі мүмкін.

**11-бап**

Уақытша әкелу рәсіміне сәйкес әкелінген тауарлар (көлік құралдарын қоса алғанда) олар әкелінген кеденнен өзге кеден арқылы кері әкетілуі мүмкін.

**Уақытша әкелу режимінің қолданылуын тоқтатудың басқа мүмкіндіктері**

**12-бап**

Құзыретті органдардың келісімімен уақытша әкелу режимінің қолданылуы тауарларды (көлік құралдарын қоса алғанда) еркін портқа немесе еркін аймаққа, кеден қоймасына орналастыру немесе оларды кейіннен кері экспорттау мақсатында оларға кедендік транзит режимін қолдану жолымен немесе кез келген басқа белгіленген тәртіппен тоқтатылуы мүмкін.

**13-бап**

Мән-жайлармен ақталған және ұлттық заңнамамен жол берілген жағдайда және егер бұл жағдайда қолданылатын шарттар мен формальдылықтар орындалған болса, уақытша әкелу режимінің қолданылуы тауарларды еркін айналыс үшін шығару жолымен тоқтатылуы мүмкін.

**14-бап**

1. Егер аварияның немесе дүлей күш әрекетінің нәтижесінде айтарлықтай зақымданған тауарлар (көлік құралдарын қоса алғанда) кеден органдарының шешімі бойынша:

а) уақытша әкелу режимінің қолданылуын тоқтату мақсатында зақымданған күйінде оларды кеденге әкелген күнге алынуы тиіс әкелу баждары мен алымдар алынады;

b) уақытша әкелу аумағының құзыретті органдарына өтеусіз берілсе; бұл жағдайда уақытша әкелуге байланысты жеңілдіктерді пайдаланатын адам әкелу баждары мен алымдарды төлеу міндетінен босатылады немесе,

с) мүдделі тараптардың есебінен ресми бақылаумен жойылатын болса, әрі бүтін қалған бөлшектері немесе материалдары оларды еркін айналыс үшін шығарған жағдайда авариядан немесе еңсерілмейтін күш әрекетінен кейін оларды кеденге әкелген күндегі жай-күйіне қарай олардан алынуы тиіс әкелу баждары мен алымдарды салуға жатса, уақытша әкелу режимінің қолданылуы тоқтатылуы мүмкін.

2. Егер мүдделі адамның өтінуі бойынша және кеден органдарының шешіміне сәйкес тауарларға (көлік құралдарын қоса алғанда) осы баптың 1-тармағының «b» және «с» тармақшаларында көрсетілген шаралар қолданылса да уақытша әкелу режимінің қолданылуы тоқтатылуы мүмкін.

3. Егер мүдделі адам кеден органдарына аварияның немесе дүлей күш әрекетінің салдарынан тауарлар (көлік құралдарын қоса алғанда) толық жойылғандығының немесе жоғалғандығының қанағаттанарлық дәлелдемесін әкелсе, бұл адамның өтінуі бойынша да уақытша әкелу режимінің қолданылуы тоқтатылуы мүмкін. Бұл жағдайда, уақытша әкелуге байланысты жеңілдіктерді пайдаланатын адам әкелу баждары мен алымдарды төлеуден босатылады.

## IV тарау Түрлі ережелер

### Формальдылықтарды оңайлату

### 15-бап

Әрбір Уағдаласушы Тарап осы Конвенцияда көзделген жеңілдіктерді алуға байланысты кедендік формальдылықтарды барынша азайтады және осы формальдылықтарға қатысты өз ережелерін барынша қысқа мерзімдерде жариялайды.

### Алдын ала рұқсат беру

### 16-бап

1. Уақытша әкелу оған алдын ала рұқсат алумен негізделген жағдайда, оны тиіс кеден органы мүмкіндігіне қарай барынша қысқа мерзімдерде береді.

2. Кеденнің рұқсатынан басқа тағы да қандай да бір өзге рұқсат талап етілетін ерекше жағдайларда, ол мүмкіндігіне қарай барынша қысқа мерзімдерде берілуі тиіс.

## Ең төменгі жеңілдіктер

## 17-бап

Осы Конвенцияның ережелері ең төменгі жеңілдіктерді көздейді және Уағдаласушы Тараптар не бір жақты тәртіппен, не екі жақты немесе көп жақты келісімдердің негізінде беретін немесе болашақта беретін неғұрлым ауқымды жеңілдіктерді қолдану үшін кедергі жасай алмайды.

## Кеден немесе экономикалық одақтар

## 18-бап

1. Осы Конвенцияны қолдану мақсатында қандай да бір кеден немесе экономикалық одақ құратын Уағдаласушы Тараптардың аумақтары бірыңғай аумақ ретінде қаралуы мүмкін.

2. Егер бұл ережелер осы Конвенцияда көзделген жеңілдіктерді азайтпайтын болса ғана, осы Конвенция ережелерінің бірде біреуі қандай да бір кеден немесе экономикалық одақ құратын Уағдаласушы Тараптардың осы одақтың аумағына уақытша әкелуге қатысты ерекше ережелерді белгілеу құқығын жоққа шығармайды.

## Тыйым салулар мен шектеулер

## 19-бап

Осы Конвенцияның ережелері ұлттық заңнамамен енгізілген және адамгершілік немесе қоғамдық тәртіпті қолдау ұғымдары, қоғамдық қауіпсіздік, гигиена немесе денсаулық сақтау, ветеринария немесе фитосанитария ұғымдары немесе жоғалып кету қаупі төніп тұрған жабайы фауна және флора түрлерін қорғауға қатысты немесе авторлық құқықтар мен өндірістік меншік құқықтарын қорғау ұғымдары сияқты экономикалық емес сипаттағы ұғымдарға негізделген тыйым салулар мен шектеулерді қолдануға кедергі жасамайды.

## Бұзушылықтар

## 20-бап

1. Осы Конвенцияның ережелерін кез келген бұзушылық аталған Уағдаласушы Тараптың заңнамасына сәйкес осы бұзушылық жасалған Уағдаласушы Тараптың аумағында санкцияға әкеп соқтырады.
2. Бұзушылық жасалған аумақты анықтау мүмкін болмаған жағдайда, ол тіркелген Уағдаласушы Тараптың аумағында жасалды деп есептеледі.

## Ақпарат алмасу

## 21-бап

Өтініш бойынша және ұлттық заңнамада рұқсат берілген шектерде Уағдаласушы Тараптар бір-біріне осы Конвенцияның ережелерін қолдану үшін қажетті ақпаратты береді.

## V тарау Қорытынды ережелер

## Әкімшілік комитет

## 22-бап

1. Әкімшілік комитет осы Конвенцияны қолдану және оны бірдей түсіндіру мен қолдануды қамтамасыз ету жөніндегі шараларды зерделеу, сондай-ақ оған ұсынылған түзетулерді зерделеу мақсатында құрылады. Ол осы Конвенцияға жаңа қосымшаларды енгізу туралы шешім қабылдайды.
2. Уағдаласушы Тараптар Әкімшілік комитеттің мүшелері болып табылады. Комитет Уағдаласушы Тараптар болып табылмайтын, осы Конвенцияның 24-бабында айтылған ұйымдардың, мемлекеттің немесе кедендік аумақтың кез келген мүшесінің құзыретті органы немесе халықаралық ұйымдардың өкілдері Комитеттің сессияларында оларды қызықтыратын мәселелерді қарау кезінде қадағалаушылар ретінде қатыса алатындығы жөнінде қаулы етуі мүмкін.
3. Кедендік ынтымақтастық кеңесі Комитетке қажетті хатшылық қызметін ұсынады.
4. Комитет әрбір сессияда Төрағаны және Төрағаның орынбасарын сайлайды.
5. Уағдаласушы Тараптардың құзыретті органдары Кеңеске осы Конвенцияға түзетулер енгізу туралы дәлелді ұсыныстарын, сондай-ақ қайсыбір тармақтарды Комитет сессиясының күн тәртібіне енгізу туралы өтініштерін жолдайды. Кеңес бұл ұсыныстарды Уағдаласушы Тараптардың құзыретті органдарының және Уағдаласушы

Тараптар болып табылмайтын, осы Конвенцияның 24-бабында айтылған ұйымдардың, мемлекеттердің немесе кедендік аумақтар мүшелерінің назарына жеткізеді.

6. Комитет белгілеген мерзімде, сондай-ақ кемінде екі Уағдаласушы Тараптың құзыретті органдарының өтініші бойынша Кеңес Комитетті шақырады. Ол алдын ала күн тәртібін Уағдаласушы Тараптардың құзыретті органдарына және Уағдаласушы Тараптар болып табылмайтын, осы Конвенцияның 24-бабында айтылған ұйымдардың, мемлекеттердің немесе кедендік аумақтардың мүшелеріне Комитет сессиясының басталуынан кем дегенде алты апта бұрын жібереді.

7. Осы баптың 2-тармағының ережелеріне орай қабылданған Комитет шешімі бойынша Кеңес Уағдаласушы Тараптар болып табылмайтын, осы Конвенцияның 24-бабында айтылған ұйымдардың, мемлекеттердің немесе кедендік аумақтар мүшелерінің құзыретті органдарына, сондай-ақ мүдделі халықаралық ұйымдарға Комитеттің сессиясына өз қадағалаушыларын жіберуді ұсынады.

8. Ұсыныстар дауысқа салынады. Мәжіліске келген әрбір Уағдаласушы Тараптың бір дауысы болады. Комитетте осы Конвенцияға түзетулер енгізу туралы ұсыныстар болып табылмайтын ұсыныстар Комитеттің қатысушы және дауыс беруші мүшелерінің көпшілік даусымен қабылданады. Осы Конвенцияға түзетулер туралы ұсыныстар Комитеттің қатысушы және дауыс беруші мүшелерінің үштен екісінің көпшілік даусымен қабылданады.

9. Осы Конвенцияның 24-бабының 7-тармағын қолданған жағдайда Конвенцияның Тараптары болып табылатын кеден және экономикалық одақтар дауыс беру кезінде осы Конвенцияның Уағдаласушы Тараптары болып табылатын оның мүшелерінде бар дауыстар сомасына тең болатын дауыстардың санына ғана ие болады.

10. Сессия жабылардан бұрын Комитет баяндаманы бекітеді.

11. Егер Комитет өзгеше шешпесе, осы бапта тиіс ережелер болмаған кезде Кеңес рәсімдерінің ережесі қолданылады.

## Дауларды реттеу

## 23-бап

1. Екі немесе одан да көп Уағдаласушы Тараптардың арасындағы осы Конвенцияны түсіндіруге немесе қолдануға қатысты кез келген дау мүмкіндігіне қарай осы Тараптар арасында тікелей келіссөздер жолымен шешіледі.

2. Тікелей келіссөздер жолымен реттелмеген кез келген дауды дауласушы Тараптар оны қарайтын және оны реттеу бойынша ұсынымдар шығаратын Әкімшілік комитеттің талқылауына береді.

3. Дауласушы Тараптар Әкімшілік комитеттің ұсынымдарын қабылдауға алдын ала келісуі мүмкін.

## Қол қою, ратификациялау және қосылу

## 24-бап

1. Кеңестің кез келген мүшесі және Біріккен ұлттар ұйымының немесе оның мамандандырылған мекемелерінің кез келген мүшесі:

a) ратификациялау туралы ескерту жасамастан оған қол қою;

b) ратификациялау туралы ескерту жасай отырып қол қойылған Конвенцияны ратификациялау туралы құжатты сақтауға тапсыру, немесе

c) оған қосылу жолымен осы Конвенцияның Уағдаласушы Тарабы бола алады.

2. Осы баптың 1-тармағында айтылған ұйымдардың барлық мүшелерінің осы Конвенцияға не оны қабылдайтын Кеңес сессиясының кезінде не кейіннен 1991 жылғы 30 маусымға дейін Кеңестің Брюссельдегі штаб-пәтерінде қол қою мүмкіндігі бар. Осы күннен кейін осы ұйымдардың мүшелері Конвенцияға қосыла алады.

3. Егер Әкімшілік комитеттің өтініші бойынша депозитарий бұл туралы шақыру жолдаса, кез келген жеке кедендік аумақтың, осы баптың 1-тармағында айтылған ұйымдардың мүшесі болып табылмайтын, өзінің сауда қатынастарында тәуелсіз, Уағдаласушы Тарап ұсынған, оның дипломатиялық қатынастарын жүзеге асыруға ресми уәкілетті кез келген мемлекеті немесе үкіметі Конвенция күшіне енгеннен кейін оған қосыла отырып, осы Ковенцияның Уағдаласушы Тарабы бола алады.

4. Осы баптың 1 немесе 3-тармақтарында аталған ұйымдардың, мемлекеттің немесе кедендік аумақтың кез келген мүшесі ратификациялау туралы ескерту жасамастан қол қою кезінде, ратификациялау немесе осы Конвенцияға қосылу кезінде олар қабылдайтын қосымшаларды көрсетеді, әрі олар А қосымшасын және қалай болғанда да тағы бір қосымшаны қабылдауы тиіс. Олар одан әрі депозитарийге бір немесе бірнеше басқа қосымшаларды қабылдау туралы хабарлай алады.

5. Әкімшілік комитет осы Конвенцияға енгізуді ұйғарған кез келген жаңа қосымшаны қабылдайтын Уағдаласушы Тараптар осы баптың 4-тармағына сәйкес бұл туралы депозитарийді хабардар етеді.

6. Уағдаласушы Тараптар депозитарийге осы Конвенцияны қолдану шарттарын немесе осы Конвенцияның 8-бабында және 24-бабының 7-тармағында, А қосымшасының 2-бабының 2 және 3-тармақтарында және Е қосымшасының 4-бабында көзделген ақпаратты хабарлайды. Бұдан басқа, осы қосымшаларды қолданудағы кез келген өзгеріс туралы хабардар етеді.

7. Осы баптың 1, 2 және 4-тармақтарының ережелеріне сәйкес кез келген кеден немесе экономикалық одақ осы Конвенцияның Уағдаласушы Тарабы бола алады. Мұндай кеден немесе экономикалық одақ депозитарийді осы Конвенциямен реттелетін мәселелерге қатысты өз өкілеттіктері туралы хабардар етеді. Осы Конвенцияның

Уағдаласушы Тарабы болып табылатын бұл кеден немесе экономикалық одақ оның құзыретіне енетін мәселелерге қатысты өзінің жеке атынан құқықтарды жүзеге асырады және осы Конвенцияның Уағдаласушы Тараптары болып табылатын өзінің мүшелеріне осы Конвенция жүктейтін міндеттерді атқарады. Мұндай жағдайда Одаққа мүше мемлекеттер дауыс беруге қатысу құқығын қоса алғанда, осы құқықтарды жеке-жеке жүзеге асыруға дәрменсіз.

## Депозитарий

## 25-бап

1. Ратификациялау туралы ескертпесімен барлық қол қоюлары бар немесе онсыз осы Конвенция және ратификациялау немесе қосылу туралы барлық құжаттар Кеңестің Бас хатшысында сақталады.

2. Депозитарий:

a) осы Конвенцияның түпнұсқа мәтіндерін алады және олардың сақталуын қамтамасыз етеді;

b) осы Конвенцияның түпнұсқа мәтіндерінің куәландырылған көшірмелерін дайындайды және оларды ұйымдардың мүшелері мен осы Конвенцияның 24-бабының 1 және 7-тармақтарында аталған кеден және экономикалық одақтарға жолдайды;

c) ратификациялау туралы ескертпесі бар немесе онсыз Конвенцияның мәтінін қол қоюға ұсынады, ратификациялау немесе осы Конвенцияға қосылу туралы құжаттарды алады және осы Конвенцияға қатысты барлық құжаттарды, хабардар ету мен хабарларды алады және сақтайды;

d) Конвенцияға немесе осы Конвенцияға қатысты кез келген құжатқа, хабарламалар немесе хабарға тиіс нысанда қол қойылған-қойылмағанын тексереді және олай болмаған жағдайда мұны тиіс Тараптың назарына жеткізеді;

e) осы Конвенцияның Уағдаласушы Тараптарын, оған қол қойған басқа елдерді, осы Конвенцияның Уағдаласушы Тараптары болып табылмайтын Кеңес мүшелерін және Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Хатшысын:

- осы Конвенцияның 24-бабында айтылған қосымшаларға қол қоюлар, ратификациялаулар, қосылулар және қабылдаулар;
- Әкімшілік комитет осы Конвенцияға енгізу қажет деп шешетін жаңа қосымшалар;
- осы Конвенция және оның әрбір қосымшасы осы Конвенцияның 26-бабына сәйкес күшіне енетін күн;
- осы Конвенцияның 24, 29, 30 және 32-баптарына сәйкес алынған хабарламалар;
- осы Конвенцияның 31-бабына сәйкес алынған денонсациялар;
- осы Конвенцияның 32-бабына сәйкес қабылданған деп саналатын түзетулер және олардың күшіне енген күні туралы хабарлайды.

3. Қандай да бір Уағдаласушы Тарап пен депозитарийдің арасында соңғысының функцияларын орындауына қатысты қандай да бір келіспеушілік туындаған жағдайда депозитарий немесе осы Уағдаласушы Тарап бұл мәселені басқа Уағдаласушы Тараптардың және Конвенцияға қол қойған Тараптардың немесе қажет болған жағдайда Кеңестің назарына жеткізеді.

## Күшіне енуі

## 26-бап

1. Осы Конвенцияның 24-бабының 1 және 7-тармақтарында аталған ұйымдардың немесе кеден немесе экономикалық одақтардың бес мүшесі осы Конвенцияға ратификациялау туралы ескертпесіз қол қойған немесе өздерінің ратификациялау немесе қосылу туралы құжаттарын сақтауға тапсырған күнінен бастап үш ай өткеннен кейін осы Конвенция күшіне енеді.

2. Осы Конвенцияға ратификациялау туралы ескертпесіз қол қойған, оны ратификациялаған немесе ұйымдардың немесе кеден немесе экономикалық одақтардың бес мүшесі не осы Конвенцияға ратификациялау туралы ескертпесіз қол қойғаннан не ратификациялау немесе қосылу туралы өз құжаттарын сақтауға тапсырғаннан кейін оған қосылған кез келген Уағдаласушы Тарапқа қатысты осы Конвенция бұл Уағдаласушы Тарап ратификациялау туралы ескертпесіз оған қол қойған немесе өзінің ратификациялау немесе қосылу туралы құжатын сақтауға тапсырған күнінен бастап үш ай өткеннен кейін күшіне енеді.

3. Осы Конвенцияға кез келген қосымша ұйымдардың немесе кеден немесе экономикалық одақтардың бес мүшесі бұл қосымшаны қабылдаған күнінен бастап үш ай өткеннен кейін күшіне енеді.

4. Ұйымдардың немесе кеден немесе экономикалық одақтардың бес мүшесі оны қабылдағаннан кейін қандай да бір қосымшаны қабылдайтын кез келген Уағдаласушы Тарапқа қатысты бұл қосымша осы Уағдаласушы Тарап оны қабылдағандығы туралы хабардар еткен күнінен бастап үш ай өткеннен кейін күшіне енеді. Алайда, қандай да бір Уағдаласушы Тарапқа қатысты Конвенцияның өзі күшіне енбей тұрып бірде бір қосымша осы Уағдаласушы Тарапқа қатысты күшіне енбейді.

## Қолданысын тоқтату туралы ереже

## 27-бап

Қолданысын тоқтату туралы ережесі бар осы Конвенцияның қандай да бір қосымшасы күшіне енген сәттен бастап бұл қосымша осы қосымшаны қабылдаған

және осы конвенциялардың Уағдаласушы Тараптары болып табылатын Уағдаласушы Тараптар арасындағы қатынастарда осы ереженің күші жүретін конвенцияның немесе конвенциялар ережесінің күшін жояды және алмастырады.

## Конвенция және қосымшалар

### 28-бап

1. Осы Конвенцияның мақсаты үшін қандай да бір Уағдаласушы Тарапқа қатысты қолданыстағы қосымшалар осы Конвенцияның ажырамас бөліктері болып табылады; осылайша, осы Уағдаласушы Тарапқа қатысты Конвенцияға жасалған кез келген сілтеме осы қосымшаларға да қолданылады.

2. Әкімшілік комитетте дауыс беру мақсаты үшін әрбір қосымша жеке Конвенция ретінде қаралады.

## Ескертпелер

### 29-бап

1. Қандай да бір қосымшаны қабылдайтын әрбір Уағдаласушы Тарап, егер осы қосымшаны қабылдау кезінде немесе кейіннен, егер мұндай мүмкіндік тиіс қосымшада көзделсе соны немесе ұлттық заңнама ережелері мен аталған ережелер арасындағы қарама-қайшылықтар туралы хабарлай отырып, оларға қатысты ескертпе жасайтын ережелерді депозитарийге көрсетпесе ғана осы қосымшаның барлық ережелерін қабылдайды.

2. Әрбір бес жыл сайын әрбір Уағдаласушы Тарап өзі ескертпе жасаған ережелерді қарайды, оларды ұлттық заңнаманың ережелерімен салыстырады және депозитарийге осы тексерудің нәтижелері туралы хабарлайды.

3. Ескертпе жасаған кез келген Уағдаласушы Тарап кез келген уақытта бұл ескертпе алынып тасталған күн көрсетілген құлақтандыруды депозитарийге жолдай отырып, оларды толық немесе ішінара алып тастай алады.

## Аумақтық таралуы

### 30-бап

1. Кез келген Уағдаласушы Тарап не ратификациялау туралы ескертпесіз қол қою, ратификациялау немесе қосылу кезінде, не кейіннен осы Конвенцияның қолданысы халықаралық қатынастары үшін өзі жауап беретін барлық немесе кейбір аумақтарға

таратылатындығы туралы хабардар ете алады. Бұл құлақтандыру оны депозитарий алған күнінен бастап үш ай өткеннен кейін күшіне енеді. Алайда, бұл Конвенция осы мүдделі Уағдаласушы Тарапқа қатысты күшіне енбей тұрып хабарламада көрсетілген аумақтарға қолданыла алмайды.

2. Осы баптың 1-тармағына сәйкес халықаралық қатынастары үшін өзі жауап беретін қандай да бір аумаққа осы Конвенция таратылатындығы туралы хабардар еткен кез келген Уағдаласушы Тарап осы Конвенцияның 31-бабында көзделген шарттарға сәйкес депозитарийді бұл аумақ Конвенцияны қолдануын тоқтататындығы туралы хабардар ете алады.

## Күшін жою

## 31-бап

1. Осы Конвенция белгіленбеген мерзімге жасалды. Алайда кез келген Уағдаласушы Тарап осы Конвенцияның 26-бабына сәйкес ол күшіне енген күнінен кейін кез келген уақытта оны денонсациялауы мүмкін.

2. Күшін жою туралы құлақтандыру депозитарийге тиіс құжатты сақтауға тапсыру жолымен жүзеге асырылады.

3. Күшін жою депозитарий күшін жою туралы құжатты алған күнінен бастап алты ай өткеннен кейін күшіне енеді.

4. Осы баптың 2 және 3-тармақтарының ережелері Конвенцияға қосымшаларға қатысты да қолданылады, әрі кез келген Уағдаласушы Тарап осы Конвенцияның 26-бабына сәйкес олар күшіне енген күнінен кейін кез келген уақытта бір немесе бірнеше қосымшаларды қабылдаудың күшін жоя алады.

Барлық қосымшаларды қабылдаудың күшін жоятын Уағдаласушы Тарап осы Конвенцияны күшін жойған болып саналады. Бұдан басқа, егер ол басқа қосымшаларды қабылдауын жалғастырса да А қосымшасын қабылдаудың күшін жойған Уағдаласушы Тарап осы Конвенция күшін жойған болып саналады.

## Түзетулер енгізу рәсімі

## 32-бап

1. Осы Конвенцияның 22-бабына сәйкес шақырылған Әкімшілік комитет осы Конвенцияға және оның қосымшаларына түзетулер ұсынуы мүмкін.

2. Осылайша ұсынылған кез келген түзетудің мәтінін депозитарий осы Конвенцияның Уағдаласушы Тараптарына, Конвенцияға қол қойған басқа да елдерге және осы Конвенцияның Уағдаласушы Тараптары болып табылмайтын Кеңес

мүшелеріне хабарлайды.

3. Егер осы кезең ішінде қандай да бір Уағдаласушы Тарап депозитарийді өзінің осы ұсынылған түзетуге қарсылығы туралы хабардар етпесе, алдыңғы тармаққа сәйкес хабарланған кез келген ұсынылып отырған түзету барлық Уағдаласушы Тараптарға қатысты ұсынылған түзетуді хабарлаған күнінен бастап есептегенде он екі ай өткеннен соң алты айдан кейін күшіне енеді.

4. Егер осы баптың 3-тармағында айтылған он екі ай өткенге дейін қандай да бір Уағдаласушы Тарап ұсынылған түзетуге өзінің қарсылық білдіретіндігі туралы депозитарийді хабардар етсе, онда бұл түзету қабылданбаған болып саналады және күшіне енбейді.

5. Қарсылық білдіру туралы хабардар ету мақсатында әрбір қосымша жеке Конвенция ретінде қаралады.

## Түзетулерді қабылдау

## 33-бап

1. Осы Конвенцияны ратификациялаған немесе оған қосылған кез келген Уағдаласушы Тарап өзінің ратификациялау немесе қосылу туралы құжаты сақтауға тапсырылған күні күшіне енген түзетулерді қабылдаған болып саналады.

2. Егер ол осы Конвенцияның 29-бабының ережелеріне сәйкес ескертпе жасамаса, қандай да бір қосымшаны қабылдаған кез келген Уағдаласушы Тарап осы қосымшаға депозитарийді осы қосымшаны қабылдағаны туралы хабардар еткен күні күшіне енген түзетулерді қабылдаған болып саналады.

## Тіркеу және мәтіндердің тең түпнұсқалылығы

## 34-бап

Біріккен Ұлттар Ұйымы Жарғысының 102-бабына сәйкес осы Конвенцияны депозитарийдің қолдаухаты бойынша Біріккен Ұлттар Ұйымының Хатшылығы тіркейді .

Осыны куәландыру үшін тиісінше уәкілеттілік берілген төменде қол қоюшылар осы Конвенцияға қол қойды.

Стамбулда бір мың тоғыз жүз тоқсаныншы жылғы жиырма алтыншы маусымда ағылшын және француз тілдерінде бір данада жасалды, әрі екі мәтін де тең түпнұсқалы болып табылады. Депозитарийге араб, испан, қытай және орыс тілдеріне ресми аудармалар дайындау және тарату ұсынылады.

## А қосымшасы

## Уақытша әкелу құжаттары туралы
## (АТА карнеттері мен CPD карнеттері)

## I тарау

## Анықтамалар

## 1-бап

Осы қосымшада төменде көрсетілген терминдердің мынадай мағыналары бар:

a) «уақытша әкелу туралы құжат» - кедендік декларацияға теңестірілген, тауарларды (көлік құралдарын қоса алғанда) сәйкестендіруге мүмкіндік беретін және әкелу баждары мен алымдарды төлеуге халықаралық-қолданыстағы кепілдікті қамтитын халықаралық кедендік құжат;

b) «АТА карнеті» - көлік құралдарын қоспағанда, тауарларды уақытша әкелу үшін пайдаланылатын уақытша әкелу туралы құжат;

c) «CPD карнеті» - көлік құралдарын уақытша әкелу үшін пайдаланылатын уақытша әкелу туралы құжат;

d) «кепілдік беретін желі» - кепілдік беретін қауымдастықтар мүшелері болып табылатын, халықаралық ұйымдар басшылық ететін кепілдік беру жүйесі;

e) «халықаралық ұйым» - кепілдікті қамтамасыз етуге және уақытша әкелу туралы құжатты беруге уәкілетті ұлттық қауымдастықтар мүшелері болып табылатын ұйым;

f) «кепілдік беретін қауымдастық» - қандай да бір Уағдаласушы Тараптың кеден органдары бұл Уағдаласушы Тараптың аумағында осы қосымшаның 8-бабында көрсетілген сомаларды төлеудің кепілі ретінде таныған және кепілдік беретін желінің мүшесі болып табылатын қауымдастық;

g) «құжат беретін қауымдастық» - кеден органдары уақытша әкелу туралы құжаттарды беруге құқылы ретінде таныған және тікелей немесе жанама кепілдік беретін желінің мүшесі болып табылатын қауымдастық;

h) «құжат беретін корреспондент-қауымдастық» -

қандай да бір Уағдаласушы Тараптың аумағында құрылған және сол кепілдік беретін желінің мүшесі болып табылатын құжат беруге құқылы қауымдастық;

і) «кедендік транзит» — екі кеден органы арасында кедендік бақылаумен тасымалданатын тауарларға қолданылатын кедендік режим.

## II тарау

## Қолданылу аясы

### 2-бап

1. Осы Конвенцияның 5-бабына сәйкес әрбір Уағдаласушы Тарап ұлттық кедендік құжаттардың орнына және осы қосымшаның 8-бабында көрсетілген сомаларды төлеудің кепілі ретінде өз аумағында қолданылатын, өзі қабылдаған осы Конвенцияның қосымшаларына сәйкес уақытша әкелінген тауарлар (көлік құралдарын қоса алғанда) үшін осы қосымшада белгіленген шарттармен берілген және пайдаланылатын уақытша әкелу туралы кез келген құжатты қабылдайтын болады.

2. Әрбір Уағдаласушы Тарап өзінің ұлттық заңнамасына сәйкес жүзеге асырылатын уақытша әкелу операциялары үшін сол шарттармен берілген және пайдаланылатын уақытша әкелу туралы кез келген құжатты да қабылдай алады.

3. Әрбір Уағдаласушы Тарап кедендік транзит үшін сол шарттармен берілген және пайдаланылатын уақытша әкелу туралы кез келген құжатты қабылдай алады.

4. Қайта өңдеуге немесе жөндеуге жататын тауарларды (көлік құралдарын қоса алғанда) уақытша әкелу туралы құжатты қолдана отырып әкелуге болмайды.

### 3-бап

1. Уақытша әкелу туралы құжаттар осы қосымшаға толықтыруларда: АТА карнетінде (I толықтыру), CPD карнетінде (II толықтыру) келтірілген үлгілерге сәйкес келуі тиіс.

2. Осы қосымшаға толықтырулар оның ажырамас бөлігі болып саналады.

## III тарау

## Кепілдік және уақытша әкелу туралы құжаттарды беру

## 4-бап

1. Әрбір Уағдаласушы Тарап өзі белгілеген шарттар мен кепілдіктерге сәйкес кепілдік беретін қауымдастыққа кепіл ретінде сөз сөйлеуге және уақытша әкелу туралы құжатты не тікелей, не құжат беретін қауымдастықтар арқылы беруге уәкілеттік бере алады.

2. Егер оның кепілдігі құжат беретін корреспондент-қауымдастықтар берген уақытша әкелу туралы құжаттарды қолдана отырып орындалатын операцияларға байланысты осы Уағдаласушы Тараптың аумағында туындайтын жауапкершілік түрлеріне қолданылған жағдайда ғана кепілдік беретін қауымдастықты Уағдаласушы Тарап танитын болады.

## 5-бап

1. Құжат беретін қауымдастықтар оларды берген күнінен бастап есептегенде, қолданылу мерзімі бір жылдан асатын уақытша әкелу туралы құжаттарын бере алмайды.

2. Құжат беретін қауымдастықтың уақытша әкелу туралы құжатында көрсетілген деректерді кез келген өзгертуді осы қауымдастық немесе кепілдік беретін қауымдастық тиіс түрде куәландыруы тиіс. Уақытша әкелу аумағының кеден органдары құжаттарды қабылдағаннан кейін осы органдардың келісімінсіз оларға қандай да бір өзгерістер енгізуге рұқсат берілмейді.

3. АТА карнетін бергеннен кейін карнеттің алдыңғы мұқабасының ішкі жағында немесе оған қоса берілген жалғас парақтарда (Жалпы тізбе) жазылған тауарлар тізбесіне қандай да бір тауарды қосуға жол берілмейді.

## 6-бап

Уақытша әкелу туралы құжатта:

- құжат беретін қауымдастықтың атауы;
- халықаралық кепілдік беретін желінің атауы;
- осы құжаттың жарамды болып табылатын елдер немесе кедендік аумақтар және осы елдердің немесе кедендік аумақтардың кепілдік беретін қауымдастықтарының атауы көрсетілуге тиіс.

## 7-бап

Уақытша әкелу туралы құжатқа сәйкес әкелінген тауарларды (көлік құралдарын қоса алғанда) кері экспорттау үшін белгіленген мерзім ешбір жағдайда осы құжаттың қолданылу мерзімінен аспауға тиіс.

## IV тарау

## Кепілдік

### 8-бап

1. Әрбір кепілдік беретін қауымдастық өзі аумағында орналасқан Уағдаласушы Тараптың кеден органдарына, құжат беретін корреспондент-қауымдастық берген уақытша әкелу туралы құжатқа сәйкес осы аумаққа әкелінген тауарларды (көлік құралдарын қоса алғанда) уақытша әкелу немесе кедендік транзитінің шарттарын сақтамаған жағдайда, осы Конвенцияның 4-бабының 4-тармағында көрсетілген сомаларды қоспағанда, әкелу баждары мен алымдарды және төлеуге жататын басқа да сомаларды төлеуге кепілдік береді. Кепілдік беретін қауымдастық жоғарыда аталған сомалардың төленуіне борышкерлермен бірлесе отырып ортақ жауапкершілікте болады.

2. АТА карнеті

Кепілдік беретін қауымдастық әкелу баждары мен алымдар сомасының он пайызынан асатын соманы төлеуге міндетті емес.

CPD карнеті

Кепілдік беретін қауымдастық төлемнің мерзімін өткізіп алғандығы үшін есептелген пайыздардың сомасын қоса алғанда, әкелу баждары мен алымдар сомасынан асатын төлемді төлеуге міндетті емес.

3. Егер уақытша әкелу аумағының кеден органдары белгілі бір тауарларды (көлік құралдарын қоса алғанда) уақытша әкелу туралы құжатты сөзсіз ресімдесе, кепілдік беретін қауымдастықтан осы тауарларға (көлік құралдарын қоса алғанда) қатысты осы баптың 1-тармағында айтылған сомаларды төлеуді талап ете алмайды. Алайда, егер, кейіннен бұл кедендік ресімдеу, уақытша әкелу немесе кедендік транзит режимін ұсыну шарттарын бұза отырып заңсыз немесе жалған жолмен жүргізілгендігі анықталған жағдайда, кепілдік беретін қауымдастыққа кепілдікті сақтау туралы талап әлі де болса ұсынылуы мүмкін.

4. АТА карнеті

Егер бұл талап кепілдік беретін қауымдастыққа АТА карнетінің қолданылу мерзімі өткен күнінен бастап бір жылдың ішінде қойылмаса, кеден органдары еш уақытта кепілдік беретін қауымдастықтан осы баптың 1-тармағында айтылған сомаларды төлеуді талап ете алмайды.

CPD карнеті

Егер CPD карнетінің қолданылу мерзімі өткен күнінен бастап бір жылдың ішінде осы кепілдік беретін қауымдастыққа CPD карнеті ресімделмегені туралы хабарланбаса,

кеден органдары еш уақытта кепілдік беретін қауымдастықтан осы баптың 1-тармағында айтылған сомаларды төлеуді талап ете алмайды. Кеден органдары кепілдік беретін қауымдастыққа осы ресімдемеу туралы хабардар еткен күнінен бастап бір жылдың ішінде әкелу баждары мен алымдарды есептеу туралы мәліметтерді ұсынады. Егер бұл мәліметтер бір жылдың ішінде кепілдік беретін қауымдастыққа ұсынылмаса, ол осы сомалардың төленуі үшін жауапты болмайды.

## V тарау

## Уақытша әкелу туралы құжаттарды регламенттеу

### 9-бап

1. АТА карнеті:

а) кеден органдарынан осы қосымшаның 8-бабының 1-тармағында көрсетілген сомаларды төлеу туралы талапты алған күнінен бастап кепілдік беретін қауымдастықтарға осы қосымшада көзделген шарттарға сәйкес кері экспорттаудың дәлелін немесе АТА карнетін кез келген өзге тиіс ресімдеуді ұсыну үшін алты ай мерзім беріледі;

b) егер осы дәлел көрсетілген мерзімде ұсынылмаса, кепілдік беретін қауымдастық тез арада бұл сомаларды сақтауға береді немесе оларды уақытша тәртіппен төлейді. Оларды сақтауға тапсырған немесе төлеген күннен бастап санағанда үш ай өткеннен кейін осы сомаларды сақтауға беру немесе оларды төлеу түпкілікті болады. Бұл мерзімнің ішінде кепілдік беретін қауымдастық сақтауға берілген немесе төленген сомаларды қайтарып алу үшін осы тармақтың «а» тармақшасында көзделген дәлелдерді ұсына алады;

c) заңдары мен ережелерінде әкелу баждары мен алымдарды сақтауға тапсыруды немесе уақытша төлеуді көзделмейтін Уағдаласушы Тараптарға келетін болсақ, онда осы тармақтың «b» тармақшасының ережелеріне сәйкес жасалған төлемдер түпкілікті болып саналады, бірақ, осы тармақтың «а» тармақшасында көзделген дәлелдер төлемнің күнінен бастап үш айлық мерзімде ұсынылса, олардың сомасы өтелетін болады.

2. CPD карнеті:

а) кепілдік беретін қауымдастықтарға осы қосымшада көзделген шарттарға сәйкес көлік құралдарын кері экспорттаудың дәлелін немесе CPD карнетін кез келген өзге тиіс ресімдеу дәлелін ұсыну үшін CPD карнеттері ресімделмегендігі туралы хабардар еткен күннен бастап бір жыл мерзім беріледі. Алайда, бұл мерзім CPD карнетінің қолданылу мерзімі өткен күннен бастап күшіне енеді. Егер кеден органдары ұсынылған

дәлелдердің жарамдылығына күдіктенсе, онда олар бір жылдан аспайтын мерзімде бұл туралы кепілдік беретін қауымдастыққа хабарлауы тиіс;

b) егер осы дәлел белгіленген мерзімде ұсынылмаса, кепілдік беретін қауымдастық өндіріп алынатын әкелімдік баждар мен алымдарын үш ай мерзім ішінде сақтауға беруі немесе уақытша төлеуі керек. Оларды сақтауға тапсырған немесе төлеген күннен бастап санағанда бір жыл өткеннен кейін осы сомаларды сақтауға беру немесе оларды төлеу түпкілікті болады. Бұл мерзім ішінде кепілдік беретін қауымдастық сақтауға берілген немесе төленген сомаларды қайтарып алу үшін осы тармақтың «а» тармақшасында көзделген дәлелдерді ұсына алады;

c) заңнамасында әкелу баждары мен алымдарды сақтауға тапсыруды немесе уақытша төлеуді көздемейтін Уағдаласушы Тараптарға келетін болсақ, онда осы тармақтың «b» тармақшасының ережелеріне сәйкес жасалған төлемдер түпкілікті болып саналады, бірақ, осы тармақтың «а» тармақшасында көзделген дәлелдер төлемнің күнінен бастап бір жылдық мерзімде ұсынылса, олардың сомасы өтелетін болады.

## 10-бап

1. Уақытша әкелу аумағының кеден органдарының мөрімен расталған осы құжаттың тиіс түрде толтырылған әкету түбіршегі уақытша әкелу туралы құжатты қолдана отырып әкелінген тауарларды (көлік құралдарын қоса алғанда) кері экспорттаудың дәлелі болып табылады.

2. Егер кері экспорттау осы баптың 1-тармағында көрсетілгендей расталмаса, онда уақытша әкелу аумағының кеден органдары:

а) бұл жазбалар әкелуге немесе кері әкелуге қатысты болса және осы әкелу немесе кері әкелу оның фактісін анықтау талап етілетін кері экспорттаудан кейін болған деп куәландырылуы шартымен қандай да бір Уағдаласушы Тараптың кеден органдары әкелу немесе кері әкелу кезінде уақытша әкелу туралы құжатқа енгізген жазбаларды немесе оның аумағына әкелу немесе кері әкелу кезінде құжаттың үзбелі парағында жасалған жазбалардың негізінде осы органдар берген куәлікті;

b) осы тауарлар (көлік құралдарын қоса алғанда) бұл аумақтан тысқары жерде екендігінің кез келген басқа құжаттамалық дәлелін уақытша әкелу туралы құжаттың қолданылу мерзімі өтіп кетсе де, кері экспорттаудың дәлелі ретінде қабылдай алады.

3. Қандай да бір Уағдаласушы Тараптың кеден органдары уақытша әкелу туралы құжатты қолдана отырып оның аумағына жіберілген белгілі бір тауарларды (көлік құралдарын қоса алғанда) кері экспорттау міндеттемесінен босататын жағдайда, кепілдік беретін қауымдастық кеден органдары мұндай тауарларға (көлік құралдарын қоса алғанда) қатысты жағдай реттелгендігі жөнінде құжатта белгі жасаған жағдайда ғана өз міндеттемелерінен босатылады.

## 11-бап

Осы қосымшаның 10-бабының 2-тармағында көрсетілген жағдайларда кеден органдары мұндай реттеу үшін алым алу құқығын өздеріне қалдырады.

## VI тарау

## Түрлі ережелер

## 12-бап

Осы қосымшада айтылған шарттармен пайдаланылатын уақытша әкелу туралы құжаттарға белгі (виза) алу әдеттегі жұмыс күнінде көрсетілген кедендік қызметтер үшін алымдармен төлеуге жатпайды.

## 13-бап

Уағдаласушы Тараптардың бірінің аумағындағы тауарларға (көлік құралдарын қоса алғанда) арналған уақытша әкелу туралы құжат жойылған, жоғалған немесе ұрланған жағдайда осы Уағдаласушы Тараптың кеден органдары құжат беретін қауымдастықтың қолдаухаты бойынша және өз шарттарына жасалуы мүмкін ескертпемен қолданылу мерзімі ауыстырылған құжаттың қолданылу мерзімінен аспайтын алмастыратын құжатты қабылдайды.

## 14-бап

1. Осы құжатты ұстаушы тауарларды (көлік құралдарын қоса алғанда) осы мерзім ішінде кері әкете алмағандықтан уақытша әкелу мерзімі уақытша әкелу туралы құжаттың қолданылу мерзімінен асады деп болжанған жағдайда, осы құжатты берген қауымдастық тиіс Уағдаласушы Тараптардың кеден органдарының тексеруіне ұшырайтын алмастыратын құжатты бере алады. Алмастыратын құжатты қабылдаған кезде тиіс кеден органдары ауыстырылған құжатты жояды.

2. CPD карнеттерінің қолданылу мерзімі бір жылдан аспайтын мерзімге бір рет қана ұзартылуы мүмкін. Осы кезең еткеннен кейін ескі карнеттің орнына кеден органдары қабылдайтын жаңасы берілуі тиіс.

## 15-бап

Осы Конвенцияның 7-бабының 3-тармағын қолданған кезде кеден органдары мүмкіндігінше кепілдік беретін қауымдастықты өздері немесе олардың қолдау хаты

бойынша жүзеге асырылған осы қауымдастық кепілдік берген уақытша әкелу туралы құжатты қолдана отырып әкелінген тауарларға (көлік құралдарын қоса алғанда) тыйым салулар туралы хабардар етеді және оған қабылдауға ниеттенген шаралар туралы хабарлайды.

## 16-бап

Алаяқтық, бұзушылық немесе теріс пайдаланушылық жағдайында Уағдаласушы Тараптар осы қосымшаның ережелеріне қарамастан, әкелу баждары мен алымдарды және төлеуге жататын басқа да сомаларды өндіріп алу мақсатында уақытша әкелу туралы құжатты пайдаланған адамдарға қарсы шаралар қабылдауға, сондай-ақ осы адамдарға қатысты айыппұл санкцияларын қолдануға құқылы. Бұл жағдайда қауымдастықтар кеден органдарына жәрдемдесуі керек.

## 17-бап

Уақытша әкелу аумағында берілген немесе беруге ұйғарылған және қандай да бір Уағдаласушы Тараптың қандай да бір кепілдік беретін қауымдастығы, халықаралық ұйымы немесе кеден органдары құжат беретін қауымдастыққа жолдаған уақытша әкелу туралы құжаттар немесе осы құжаттардың бөліктері әкелу баждары мен алымдарды төлеместен және әкелуге тыйым салулар мен шектеулерді қолданбастан әкелінуі мүмкін. Осыған ұқсас жеңілдіктер әкету кезінде ұсынылады.

## 18-бап

1. Осы Конвенцияның 29-бабында көзделген ережелерге сәйкес әрбір Уағдаласушы Таран АТА карнеттерін қабылдауға қатысты және почта жөнелтімдері үшін ескертпе жасауға құқылы.

2. Осы қосымшаны қабылдау кезінде ешқандай басқа ескертпеге жол берілмейді.

## 19-бап

1. Осы қосымша өзі күшіне енген уақыттан бастап осы Конвенцияның 27-бабының ережелеріне сәйкес осы қосымшаны қабылдаған және осы Конвенцияның Уағдаласушы Тараптары болып табылатын Уағдаласушы Тараптар арасындағы қарым-қатынастарда Тауарларды уақытша әкелу үшін АТА карнеті туралы кедендік конвенцияның, Брюссель, 1961 жылғы 6 желтоқсан, күшін жояды және алмастырады.

2. Осы баптың 1-тармағының ережелеріне қарамастан, тауарларды уақытша әкелу үшін АТА карнеті туралы кеден конвенциясын 1961 жылы қолдану шеңберінде берілген АТА карнеттері, осы қосымшалар күшіне енгенге дейін, операцияларды жүзеге асыру үшін осы операциялар аяқталғанға дейін қабылданады.

А қосымшасына I толықтыру

АТА КАРНЕТІНІҢ ҮЛГІСІ

АТА карнеті ағылшын не болмаса француз тілінде басып шығарылады және қандай да екінші тілде басылуы мүмкін

АТА карнетінің форматы: 396 х 210 мм, ізбелі парақтардың форматтары: 297 х 210 мм

Беретін бірлестік ................................

Халықаралық кепілдік беретін желі..................

## ТАУАРЛАРДЫ УАҚЫТША ӘКЕЛУ ҮШІН АТА КАРНЕТІ

Уақытша әкелу туралы конвенция

(карнетті толтыруға дейін мұқабаның 3-бетіндегі ескертулермен танысуды өтінеміз)

| | | | |
|---|---|---|---|
| А. ҰСТАУШЫ ЖӘНЕ МЕКЕН-ЖАЙЫ | БЕРЕТІН АССОЦИАЦИЯ ҮШІН МҰҚАБА | | |
| В. ҰСЫНЫЛДЫ <*> | а) | № АТА КАРНЕТІ | |
| | b) БЕРІЛДІ | | |
| С. ТАУАРЛАРДЫ БОЛЖАМДЫ ПАЙДАЛАНУ | c) ДЕЙІН ЖАРАМДЫ ...../...../..........<br>Жылы Айы Күні (қоса алғанда) | | |
| Осы карнет мынадай елдерде/мынадай кеден аумақтарында мынадай ассоциациялардың кепілдігі бойынша қолданылуы мүмкін<br>Осы карнеттің ұстаушысы және оның өкілі әкету елінің/кеден аумағының және уақытша әкелу елдерінің/кеден аумақтарының заңдары мен ережелерін сақтау үшін жауапкершілік алады | | | |
| КЕДЕН БИЛІКТЕРІНІҢ КУӘЛІГІ | Уәкілетті лауазымды тұлғаның қолы және беретін ассоциацияның мөрі | | |
| а) 7-бағанда көрсетілген айырым белгісі жалпы тізбенің позициясының (позицияларының) тиісті нөміріне қарсы енгізілген | | | |
| .............................<br>b) Тауарлар тексерілді <*><br>Иә Жоқ | ....../....... /..........<br>Берген жері мен күні (жылы, айы, күні) | | |
| c) N.... тіркелді | | | |
| d)..........................<br>Кеден Орны<br>..../...../.............<br>Күні Қолы және мөрі | X.................................X<br>Ұстаушының қолы | | |

<*> Тиісті жағдайларда.

| | | | |
|---|---|---|---|
| 7-бағанда көрсетілген айырым белгісі жалпы тізбенің позициясының (позицияларының) мынадай нөміріне (нөмірлеріне) қарсы енгізілді: ................................................................<br>................................................................ | | | |
| Кеден | Орны | Күні (жылы/айы/күні) | Қолы және мөрі |
| | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 7-бағанда көрсетілген айырым белгісі жалпы тізбенің позициясының (позицияларының) мынадай нөміріне (нөмірлеріне) қарсы енгізілді:<br>………………………………………………………<br>................................................................. | | | |
| …………….<br>Кеден | ………….<br>Орны | …./…./…..<br>Күні<br>(жылы/айы/күні) | ……………..<br>Қолы және мөрі |

# ЖАЛПЫ ТІЗБЕ

| Позиция № | егер мұндайлар бар болса тауарлар сипаттамасы, белгісі және нөмірі | Орын саны | Салмағы немесе көлемі | Елі <*> | Шығарылған елі <**> | Кеден үшін |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| | | | | | | |
| БАРЛЫҒЫ НЕМЕСЕ АРАЛЫҚ ЖИЫНЫ | | | | | | |

- - - - - - - - - - - - - - - - - - - - - - - - -

<*> Егер өзгеше көзделмесе құжатты беру еліндегі/кеден аумағындағы және оның валютасындағы коммерциялық құны.

<**> Егер ол ИСО ел кодын пайдалана отырып, карнетті беру елінен/кеден аумағынан айырмашылығы бар болса, онда шыққан елді көрсету.

№ ________ ІЗБЕЛІ ПАРАҒЫ № ________ ҚОСЫМША № __________ АТА КАРНЕТІ

| Позиция № | егер мұндайлар бар болса тауарлар сипаттамасы, белгісі және нөмірі | Орын саны | Салмағы немесе көлемі | Құны <*> | Шығарылған елі <**> | Кеден үшін |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| ЖАЛПЫ САНЫ | | | | | | |
| | | | | | | |
| БАРЛЫҒЫ НЕМЕСЕ АРАЛЫҚ ЖИЫНЫ | | | | | | |

- - - - - - - - - - - - - - - - - - - - - - - - - - - -

<*> Егер өзгеше көзделмесе құжатты беру еліндегі/кеден аумағындағы және оның валютасындағы коммерциялық құны.

<**> Егер ол ИСО ел кодын пайдалана отырып, карнетті беру елінен/кеден аумағынан айырмашылығы бар болса, онда шыққан елді көрсету.

| Позиция № | егер мұндайлар бар болса тауарлар сипаттамасы, белгісі және нөмірі | Орын саны | Салмағы немесе көлемі | Құны <*> | Шығарылған елі <**> | Кеден үшін |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| ЖАЛПЫ САНЫ | | | | | | |
| | | | | | | |
| БАРЛЫҒЫ НЕМЕСЕ АРАЛЫҚ ЖИЫНЫ | | | | | | |

- - - - - - - - - - - - - - - - - - - - - - - - - - - -

<*> Егер өзгеше көзделмесе құжатты беру еліндегі/кеден аумағындағы және оның валютасындағы коммерциялық құны.

<**> Егер ол ИСО ел кодын пайдалана отырып, карнетті беру елінен/кеден аумағынан айырмашылығы бар болса, онда шыққан елді көрсету.

ӘКЕТУ ТҮБІРШЕГІ № АТА КАРНЕТІ №

<table>
<tr><td colspan="4">1. Жалпы тізбеде № көрсетілген тауарлар ……………………………………………………<br>............................................ әкетілді.</td></tr>
<tr><td colspan="4">2. Бажсыз кері әкелу үшін соңғы күн <*><br>жылы / айы / күні<br>..../..../.....</td></tr>
<tr><td colspan="3">3. Өзге ескертулер <*> …………………… ………………………………………<br>.........................................</td><td rowspan="2">7.<br>………………<br>Қолы және мөрі</td></tr>
<tr><td>4.<br>……………<br>Кеден</td><td>5.<br>…………<br>Орны</td><td>6.<br>…./…/….<br>Күні<br>(жылы/айы/күні)</td></tr>
</table>

- - - - - - - - - - - - - - - - - - - - - - - - - -

<*> Тиісті жағдайларда.

<table>
<tr><td rowspan="9">Ә<br>К<br>Е<br>Т<br>У</td><td rowspan="2">A. ҰСТАУШЫ ЖӘНЕ МЕКЕН-ЖАЙЫ</td><td>БЕРЕТІН АССОЦИАЦИЯ ҮШІН<br>G. № …….. ӘКЕТУГЕ ҮЗБЕЛІ ПАРАҚ</td></tr>
d) «тұғыр» - оның төсеміне механикалық аппараттар көмегімен тасымалдау, тиеу/түсіру немесе қатар қою мақсатында көлік пакетін құру үшін тауарлардың біраз мөлшерін бірге орналастыруға болатындай құрылғы. Бұл құрылғы не өзара тірекпен біріктірілген екі төсемнен, не аяқтарға орнықтырылған бір төсемнен тұрады; ол аша тиегіштердің көмегімен немесе тұғырларды тасымалдауға арналған арбалардың көмегімен тиеуге/түсіруге мүмкіндік беретіндей неғұрлым төмен жалпы биіктікте болуға тиіс; оның қондырмасының болуы да немесе болмауы да мүмкін;

e) «үлгілер» - бір адам жеткізген немесе сол адамға жөнелтілген олардың бірге алғандағы мөлшері жалпы қабылданған сауда дәстүріне сай үлгі болып табылмайтын осыларға ұқсас бұйымдарды қоспағанда, өндіруге ұйғарылған дайын тауарлардың қандай да бір белгілі санатын білдіретін немесе тауарлардың үлгілері болып табылатын бұйымдар;

f) «жарнамалық фильм» - олар көпшілік көруге арналған залдарда емес, әлеуетті клиенттерге көрсету үшін жарамды және әр фильмнің біреуден артық емес көшірмесі бар орамада әкелінген және фильмдердің қандай да бір ірірек жөнелтілімдерінің бөлігі болып табылмайтын жағдайда, басқа Уағдаласушы Тарап аумағында орналасқан немесе тұрып жатқан адам сатуға немесе жалға ұсынылған, негізінен бұйымдар мен жабдықтардың мәнін немесе жұмыс істеуін көрсететін бейнелерден тұратын, фонограммамен немесе онсыз түсірілген бейне тасымалдаушылар;

g) «ішкі тасымалдар» - бір Уағдаласушы Тараптың кедендік аумағында тиелген және сол Уағдаласушы Тараптың аумағында түсіруге жататын тауарларды тасымалдау.

## II тарау

## Қолданылу аясы

## 2-бап

Осы Конвенцияның 2-бабында сәйкес уақытша әкелу рәсімі коммерциялық операцияға байланысты әкелінген мынадай тауарларға қолданылады:

a) тауармен әкелінген және тауарсыз немесе тауармен әкетілген немесе тауарсыз әкелінген және тауармен әкетілген орамдар;

b) жүк тиелген немесе бос контейнерлер, сондай-ақ уақытша әкелінген контейнерлерге арналған, не контейнермен бірге әкелінген және одан бөлек әкетілетін

немесе басқа контейнермен, не бөлек және контейнермен бірге әкетілетін керек-жарақтар мен жабдықтар;

c) уақытша әкелінілуі осы баптың «b» тармағына сәйкес рұқсат етілген, контейнерлерді жөндеу мақсатында әкелінген қосалқы бөлшектер;

d) тұғырлар;

e) үлгілер;

f) жарнамалық фильмдер;

g) әкелінуі өздігінен коммерциялық операция болып табылмайтын, осы қосымшаға I толықтыруда көрсетілген мақсаттардың бірімен, қандай да бір коммерциялық операцияға байланысты әкелінген кез келген басқа тауар.

## III тарау

## Өзге ережелер

### 3-бап

Осы қосымшаның ережелері контейнерлерде немесе орамдарда немесе тұғырларда тасымалданатын тауарларды әкелуге қатысты Уағдаласушы Тараптардың кеден заңнамаларында ешбір көрініс таппайды.

### 4-бап

1. Осы қосымшада көзделген жеңілдіктерді пайдалану мүмкіндігін алу үшін:

a) орамдарды уақытша әкелу құқығын пайдаланушы ғана кері әкетуге тиіс. Оларды оқта-текте болса да ішкі тасымалдауларда пайдалануға болмайды;

b) осы қосымшаға II толықтыруда көзделгендей, контейнерлер таңбалармен жабдықталған болуы тиіс. Оларды тауарлардың ішкі тасымалы үшін пайдалануға болады, бірақ бұл жағдайда әрбір Уағдаласушы Тараптың мынадай шарттарды белгілеуге құқығы бар:

- ақылға қонымды тура бағыт бойынша жүзеге асырылатын тасымалдың нәтижесінде контейнер экспорттық тауар тиелінуге тиіс немесе бос әкетілуге тиіс жерге немесе ол жерге мүмкіндігінше жақынырақ жеткізіледі;

- әкету алдында контейнер ішкі тасымалда бір рет қана пайдаланылады;

c) тұғырлар немесе бір тұрпаттағы және құны шамамен бірдей тұғырлардың тең саны бұрын әкетілген болуы немесе келешекте әкетілуге немесе қайта әкетілуге жатуға тиіс;

d) үлгілер мен жарнамалық фильмдер уақытша әкелу аумағынан тысқары жерде орналасқан немесе тұрып жатқан адамға тиесілі болуға және сол аумаққа әкелінетін

тауарларға тапсырыс іздеу, оларды уақытша әкелу аумағында көрсету немесе демонстрациялау мақсатында әкелінуге тиіс. Олар уақытша әкелу аумағында болғанда сатылуға жатпайды және көрсету тәртібінен басқа, олар кәдімгі мәні бойынша қолданылмауға немесе жалға немесе сыйға беру арқылы қандай да бір түрде пайдаланылмауға тиіс;

е) осы қосымшаға I толықтырудың 1 және 2-тармақтарында көрсетілген тауарларды пайдалану табыс табуға бағытталмауға тиіс.

2. Әрбір Уағдаласушы Тарап сатып алудың, жалдаудың немесе жалдау-сатып алудың тақырыбы болып табылатын контейнерлерді, тұғырлар немесе орамдарды уақытша әкелуден немесе өз аумағында орналасқан немесе тұрып жатқан адам жасасқан осыларға ұқсас шарттан бас тартуға құқылы.

## 5-бап

1. Контейнерлерді, тұғырларды және орамдарды уақытша әкелу режимі кедендік құжат көрсетілусіз және кепілдік белгіленусіз беріледі.

2. Контейнерлерге берілетін кедендік құжат пен кепілдіктің орнына уақытша әкелу құқығын пайдаланушыдан:

i) кеден органдарына олардың талап етуі бойынша уақытша әкелу аумағына әкелінген және одан әкетілетін күні мен орнын қоса алғанда, уақытша әкелу рәсіміне сәйкес әкелінген әрбір контейнердің қозғалысы туралы егжей-тегжейлі ақпарат немесе оларды әкету туралы міндеттеме қоса берілген контейнерлер тізбесін беру;

ii) уақытша әкелу талаптары орындалмаған жағдайларда салынатын әкелу баждары мен алымдарды төлеу туралы жазбаша міндеттеме талап етілуі мүмкін.

3. Тұғырлар мен орамдарға берілетін кедендік құжат пен кепілдіктің орнына уақытша әкелу құқығын пайдаланушыдан кеден органдарына оларды әкету туралы жазбаша міндеттемені беру талап етілуі мүмкін.

4. Уақытша әкелу режимін жүйелі түрде пайдаланатын адамдарға бір жалпы міндеттемені ұсынуға рұқсат етіледі.

## 6-бап

Коммерциялық операцияға байланысты әкелінген тауарларды кері экспорттау мерзімі уақытша әкелу күнінен бастап есептегенде, кемінде алты айды құрайды.

## 7-бап

Осы Конвенцияның 29-бабында көзделген шарттарға сәйкес әрбір Уағдаласушы Тараптың:

a) 2-бапта көрсетілген тауарлардың ішінен ең көп дегенде үш тобына;
b) осы қосымшаның 5-бабының 1-тармағына қатысты ескерту жасауға құқығы бар.

## 8-бап

Осы қосымшаға толықтырулар оның құрамдас бөлігі болып табылады.

## 9-бап

Осы Конвенцияның 27-бабына сәйкес осы қосымша күшіне енгеннен кейін осы қосымшаны қабылдаған және жоғарыда аталған Конвенциялардың Уағдаласушы Тараптары болып табылатын Уағдаласушы Тараптардың арасындағы қатынастарда мына Конвециялардың және ережелердің:
- Халықаралық тасымалдауда пайдаланылатын тұғырларды кедендік өңдеу туралы еуропалық конвенцияның, Женева, 1960 жылғы 9 желтоқсан;
- Орамдарды уақытша әкелу туралы кедендік конвенцияның, Брюссель, 1960 жылғы 6 қазан;
- Контейнерлер туралы кедендік конвенцияның 2-11-баптарының және 1 (1 және 2-тармақтары), 2 және 3-қосымшаларының, Женева, 1972 жылғы 2 желтоқсан;
- Коммерциялық үлгілерді және жарнамалық материалдарды әкелуді жеңілдету туралы Халықаралық конвенцияның 3, 5 және 6-баптарының, Женева, 1952 жылғы 7 қараша, күшін жояды және алмастырады.

## I толықтыру

## 2-баптың «g» тармағына сәйкес тауарлардың тізбесі

1. Сынау, тексеру, тәжірибе жүргізу немесе көрсету үшін әкелінген тауарлар.
2. Сынау, тексеру, тәжірибе жүргізу немесе көрсету барысында пайдаланылатын тауарлар.
3. Олардың коммерциялық пайдаланылуының алдында көрсету үшін түсірілген және шығарылған кинемотографиялық үлдірлер, позитивтік және басқа да жазылған бейне тасымалдағыштар.
4. Пленкалар, магнитті таспалар, магнитті пленкалар және дыбыстауға, дубляж жасауға немесе жаңғыртуға арналған дыбыстың немесе бейненің басқа да тасымалдағыштары.
5. Тегін жіберілген және деректерді автоматты түрде өңдеуге арналған ақпараттың жазылған тасымалдағыштары.

6. Өз сипаты бойынша белгілі бір бұйымдарды жарнамалау немесе оларды белгілі бір мақсатпен насихаттау үшін ғана пайдаланыла алатын (көлік құралдарын қоса алғанда) бұйымдар.

## II толықтыру

## Контейнерлерді таңбалау туралы ереже

1. Контейнердің тиіс көрнекті жеріне берік түрде мынадай ақпарат:
a) иесінің немесе контейнерлерді пайдалану жөніндегі негізгі кәсіпорынның сәйкестендірілген деректері;
b) иесі немесе контейнерлерді пайдалану жөніндегі кәсіпорын берген айырым белгілері мен контейнерлердің нөмірлері;
c) оның барлық тұрақты жабдықтарын қоса алғанда, контейнер ыдысының салмағы жазылуға тиіс.

2. Контейнер тиесілі ел толық немесе ИСО 3166 халықаралық стандартында көзделген ISO Alpha-2 ел кодының көмегімен, немесе халықаралық тасымалдау үшін пайдаланылатын автокөлік құралдарын тіркеген елді белгілеу үшін пайдаланылатын айырым белгісі түрінде белгіленуі мүмкін. Әр елде контейнерлерде оның атауын немесе айырым белгісін көрсету туралы мәселе ұлттық заңнамамен реттеле алады. Эмблемалар немесе жалаулар сияқты белгілерді қоспағанда, иесінің немесе контейнерлерді пайдалану жөніндегі кәсіпорындардың сәйкестендірілген деректері не толық, не бұрын белгіленген айырым белгісінің көмегімен көрсетілуі мүмкін.

3. Контейнерлерге пластикалық ленталарды қолдану арқылы жазылған айырым белгілері және нөмірлер берік түрде жазылған ретінде қарастырылуы үшін таңба қоюдың мынадай талаптары орындалуға тиіс:
a) қолданылатын желімдеуші құрал жоғары сапасымен ерекшеленуге тиіс. Жапсырылған лентаның созылған кездегі мықтылығының шегі оның желімделуінен лентаны бүлдірместен алу мүмкін болмайтындай төмен дәрежеде болуы тиіс. Каландырылған лентаны пайдалануға рұқсат етілмейді;
b) айырым белгілерін және нөмірлерді өзгерту қажет болған жағдайда жаңа лентаны жапсырмас бұрын ескі таңбалы лентаны толық алып тастау керек. Жаңа лентаны ескінің үстіне жапсыруға тыйым салынады.

4. Контейнерлерді таңбалау үшін пластикалық ленталарды қолдануға қатысты осы толықтырудың 3-тармағында жазылған талаптар контейнерлерді берік таңбалаудың басқа да тәсілдерінің қолданылу мүмкіндігіне шек қоймайды.

## B.4 қосымшасы

**Өндірістік процеске байланысты әкелінетін тауарлар туралы**

**I тарау**

**Анықтамалар**

**1-бап**

Осы қосымшаны қолдану мақсатында «өндірістік процеске байланысты әкелінетін тауарлар» термині:

(а) матрицаларды, блоктарды, дискілерді, шаблондарды, сызбаларды, жоспарларды, үлгілерді және өзге де осыған ұқсас заттарды,

(b) өлшейтін, бақылайтын және тексеретін аспаптарды және өзге де осыларға ұқсас заттарды,

(с) өндірістік процесс кезінде пайдалану үшін әкелінетін арнайы заттар мен аспаптарды білдіреді; және

Осыған ұқсас тауарларды жеткізгенге немесе жөндегенге дейін жеткізуші немесе жөндеуші тапсырыс берушіге ұсынатын аспаптар, аппаратура және машина жабдығы.

**II тарау**

**Қолданылу аясы**

**2-бап**

Осы Конвенцияның 2-бабына сәйкес өндірістік процеске байланысты әкелінетін тауарларға уақытша әкелу режимі қолданылады.

**III тарау**

**Өзге ережелер**

**3-бап**

Аталған қосымшамен берілетін жеңілдіктерді қолдану үшін:

(а) өндірістік процеске байланысты әкелінетін тауарлар уақытша әкелу аумағынан

тысқары жерде орналасқан немесе тұрып жатқан адамға тиесілі болуға және уақытша әкелу аумағында құрылған немесе тұратын адамға арналған болуға тиіс;

(b) осы қосымшаның 1-бабының 1-тармағында аталғандай, өндірістік процеске байланысты әкелінетін тауарларды пайдалану жолымен шығарылған немесе алынған барлық өнім немесе оның ұлттық заңнама талап ете алатын бөлігі уақытша әкелу аумағынан әкетілуге тиіс;

(c) өндірістің алмастыратын құралдарын уақытша әкелу аумағында орналасқан немесе тұратын адамға уақытша негізде және тегін жеткізілуі кешігіп отырған немесе жөнделуі тиіс өндіріс құралдарын жеткізуші беруге тиіс.

**4-бап**

1. Аталған қосымшаның 1-бабы, 1-тармағымен қамтылған тауарларды кері экспорттауға арналған мерзім уақытша әкелу күнінен бастап, кемінде он екі айды құрауға тиіс.

2. Өндірістің алмастыратын құралдарын кері экспорттау мерзімі уақытша әкелу күнінен бастап, кемінде алты айды құрауға тиіс.

**В.5 қосымшасы**

**Білім беру, ғылыми немесе мәдени мақсаттар үшін әкелінген тауарлар туралы**

**I тарау**

**Анықтамалар**

**1-бап**

Осы қосымшаны қолдану шеңберінде төменде келтірілген Терминдер мынадай мағыналарды білдіреді:

а) «білім беру, ғылыми немесе мәдени мақсаттар үшін әкелінген тауарлар» - ғылыми және оқу жабдықтары, теңізшілердің бос уақытын жақсартуға арналған жабдықтар, сондай-ақ оқу, ғылыми немесе мәдени қызмет шеңберінде әкелінген кез келген басқа да тауарлар;

b) жоғарыда берілген «а» тармағында:

i) «ғылыми және оқу жабдықтары» - ғылыми зерттеулер және оқу немесе кәсіптік дайындық үшін пайдаланылатын кез

келген модельдер, аспаптар, аппараттар, машиналар, сондай-ақ олардың керек-жарақтары,

ii) «теңізшілердің бос уақытын жақсартуға арналған жабдықтар» - халықаралық теңіз тасымалдары үшін пайдаланылатын шетелдік кеменің теңізде жұмыс істеуін немесе қызмет көрсетуін қамтамасыз ету жөніндегі міндетті орындайтын адамдардың мәдени, оқу, ойын-сауық, діни немесе спорттық сипаттағы сабақтарына арналған жабдықтар.

«Оқу жабдықтарының», «теңізшілердің бос уақытын жақсартуға арналған жабдықтардың» және «оқу, ғылыми немесе мәдени қызметтер шеңберінде әкелінген кез келген басқа да тауарлардың» үлгі тізбелері тиіс түрде осы қосымшаның I, II және III толықтыруларында берілген.

**II тарау**

**Қолданылу аясы**

**2-бап**

Осы Конвенцияның 2-бабына сәйкес уақытша әкелу құқығы:

a) тек қана білім беру, ғылыми немесе мәдени мақсаттар үшін әкелінген тауарларға;

b) жоғарыда берілген «а» тармағын орындау үшін уақытша әкелу рәсімін қолдану арқылы әкелінген, ғылыми және оқу жабдықтарына арналған қосалқы бөлшектерге, сондай-ақ аталған жабдықтарға техникалық қызмет көрсету, бақылау, калибрлеу немесе жөндеу үшін арнайы жасалған құрал-саймандарға қолданылады.

**III тарау**

**Түрлі ережелер**

**3-бап**

Осы қосымшада көзделген жеңілдіктерді қолдану үшін:

a) білім беру, ғылыми және мәдени мақсаттар үшін әкелінген тауарлар уақытша әкелу аумағынан тысқары жерде орналасқан немесе тұрып жатқан адамға тиесілі болуға және уәкілетті кәсіпорындар олардың арналымын есепке ала отырып, ақылға қонымды мөлшерде әкелінуге тиіс. Олар коммерциялық мақсатта пайдаланылмауға тиіс.

b) теңізшілердің бос уақытын жақсартуға арналған жабдықтар халықаралық теңіз

тасымалдарына арналған шетелдік кемелерде пайдаланылуы, немесе экипаждың пайдалануы үшін кемеден жағаға уақытша түсірілген болуы, немесе не ресми органдардың, не діни немесе басқа да коммерциялық ұйымдардың иелігіндегі жатақханаларда, клубтарда және теңізшілерге арналған демалыс орындарында, сондай-ақ теңізшілер үшін үнемі құлшылық ету жасалатын ғибадат ету орындарында пайдалану үшін әкелінуі тиіс.

**4-бап**

Кеме бортында пайдаланылатын ғылыми жабдықтарды, оқу жабдықтарын және теңізшілердің бос уақытын жақсартуға арналған жабдықтарды уақытша әкелуге кедендік құжат көрсетілусіз және кепіл белгіленусіз жол беріледі. Қажет болған жағдайда ғылыми және оқу жабдықтарының тізбесі және оларды қайта әкетуге жазбаша міндеттеме талап етілуі мүмкін.

**5-бап**

Білім беру, ғылыми немесе мәдени мақсаттар үшін әкелінген тауарларды кері экспорттау мерзімі оларды әкелу күнінен бастап есептегенде, кемінде он екі айды құрайды.

**6-бап**

Әрбір Уағдаласушы Тараптың осы Конвенцияның 29-бабында көзделген мерзімде осы қосымшаның 4-бабының ғылыми және оқу жабдықтарымен байланысты ережелеріне қатысты ескерту жасауға құқығы бар.

**7-бап**

Осы қосымшаның толықтырулары оның құрамдас бөлігі болып табылады.

**8-бап**

Осы Конвенцияның 27-бабына сәйкес осы қосымша күшіне енгеннен кейін Теңізшілердің бос уақытын жақсартуға арналған жабдықтар туралы кеден конвенциясының, Брюссель, 1964 жылғы 1 желтоқсан, Ғылыми жабдықтарды уақытша әкелу туралы кеден конвенциясының, Брюссель, 1968 жылғы 11 маусым, және Педагогикалық материалдарды уақытша әкелу туралы кеден конвенциясының, Брюссель, 1970 жылғы 8 маусым, күштерін жояды және осы қосымшаны қабылдаған

және жоғарыда көрсетілген конвенциялардың Уағдаласушы Тараптары болып табылатын Уағдаласушы Тараптар арасындағы қарым-қатынастарда оларды алмастырады.

## I толықтыру

## Оқу материалдары

## Үлгі тізбе

A. Дыбысты немесе бейнені жазуға және қайта шығаруға мынадай аппаратура:
- эпидиаскоптар;
- кинопроекторлар;
- рирпроекторлар және эпископтар;
- магнитофондар, бейнемагнитофондар және кинескоптар;
- тұйық теледидар жүйелері.

B. Мынадай дыбыс және бейне тасымалдаушылары:
- диапозитивтер, диафильмдер және микрофильмдер;
- кинофильмдер;
- дыбыс жазбалары (магнитті таспалар, дискілер);
- бейнетаспалар.

C. Мынадай арнайы жабдықтар:
- кітапханаларға арналған библиографиялық жабдықтар және аудиокөрнекі құралдар;
- көшпелі кітапханалар;
- шет тілдерді үйренуге арналған зертханалар;
- ілеспе аудармаға арналған жабдықтар;
- механикалық немесе электрондық бағдарламалайтын оқыту машиналары;
- мүгедектерді оқыту немесе кәсіптік даярлау үшін арнайы жасалған жабдықтар.

D. Мынадай басқа жабдықтар:
- қабырға диаграммалары, макеттер, кескіндемелер, карталар, жоспарлар, фотосуреттер мен суреттер;
- көрсету үшін жасалған аспаптар, аппараттар мен модельдер;
- қандай да бір пәнді оқыту үшін жасалған, дыбысты немесе көрнекі педагогикалық ақпараты бар заттардың топтамасы (оқу жинақтары);
- кәсіптерді оқытуға арналған аспаптар, аппараттар, құрал-саймандар және станоктар;
- құтқару операциялары барысында пайдалану үшін жасалған немесе арнайы

бейімделген көлік құралдарын қоса алғанда, құтқарушы персоналды дайындауға арналған жабдықтар.

## II толықтыру

## Теңізшілердің бос уақытын жақсартуға арналған жабдықтар

## Үлгі тізбе

A. Мынадай кітаптар және баспа өнімдері:
- барлық жанрлардағы кітаптар;
- сырттай оқуға арналған оқулықтар;
- газеттер және мерзімді басылымдар;
- порттарда бос уақытты өткізу мүмкіндіктері туралы ақпараты бар кітапшалар.

B. Мынадай аудиокөрнекі жабдықтар:
- дыбысты және бейнені жаңғыртуға арналған аппаратура;
- магнитофондар;
- радиоқабылдағыштар және теледидарлар;
- кескіндеу аппараттары;
- дискілердегі немесе магнитті таспалардағы жазбалар (тілдерді үйренуге арналған курстар, радиохабарлар, құттықтаулар, музыкалық жазбалар және ойын-сауық сипатындағы жазбалар);
- түсірілген және шығарылған кино және фотопленкалар;
- диапозитивтер;
- бейнетаспалар.

C. Мынадай спорттық бұйымдар:
- спорттық киім-кешек;
- доптар мен кішкене доптар;
- қалақтар мен торлар;
- палубалық ойындар;
- жеңіл атлетиканың керек-жарақтары;
- гимнастика жабдықтары.

D. Мынадай ойындарға немесе уақытты өткізуге арналған жабдықтар:
- бөлме ойындары;
- музыкалық аспаптар;
- әуесқой театрларға арналған жабдықтар және аксессуарлар;
- кескіндемемен, мүсін өнерімен, ағаш және металл бойынша жұмыспен айналысуға, кілемдерді және тағы басқаларды дайындауға арналған жабдықтар.

E. Діни рәсімдерге арналған заттар.
F. Бос уақытты өткізуге арналған жабдықтардың бөліктері, бөлшектері.

## III толықтыру

## Білім беру, ғылыми немесе мәдени қызмет шеңберінде әкелінген кез келген басқа тауарлар

## Үлгі тізбе

Мынадай тауарлар:
1. Театрлық қоғамдар мен театрларға ақысыз уақытша қолдануға жіберілген театрлық костюмдер мен аксессуарлар.
2. Концерт залдары немесе оркестрлерге ақысыз уақытша қолдануға жіберілген партитуралар мен ноталар.

## В.6 қосымшасы

## Туристердің жеке мүлкі мен спортпен шұғылдану мақсатында әкелінетін тауарлар туралы

## I тарау

## Анықтамалар

## 1-бап

Аталған қосымшаны қолдану мақсатында:
a) «турист» термині:
ол әдетте тұрмайтын Уағдаласушы Тараптың аумағына туризм, спортпен шұғылдану, кәсіпкерлік қызмет, кәсіби кездесулер, сырқаттарын емдеу немесе алдын алу, оқу және т.б. мақсаттармен уақытша келетін кез келген адам дегенді білдіреді;
b) «жеке мүлкі» термині:
коммерциялық мақсатта әкелінетін кез келген тауарларды қоспағанда, сапардың барлық жағдайларын ескере отырып, сапар уақытында туристің жеке қолдануына қажет болуы мүмкін, ақылға сыйымды қажеттіліктен аспайтын мөлшердегі жаңа немесе қолданыста болған барлық заттар дегенді білдіреді. Жеке мүліктің үлгі тізбесі

аталған қосымшаның I толықтыруында көрсетілген.

с) «спортпен шұғылдану мақсатында әкелінетін тауарлар» термині:

уақытша әкелу аумағында спорттық жарыстар немесе көрнекі көрсетулер, немесе дайындықтар барысында туристер қолданатын спорттық реквизит және өзге де заттар дегенді білдіреді. Мұндай тауарлардың үлгі тізбесі аталған қосымшаның II толықтыруында берілген.

**II тарау**

**Қолданылу аясы**

**2-бап**

Осы Конвецияның 2-бабына сәйкес жеке мүлік пен спортпен шұғылдану мақсатында әкелінетін тауарларға уақытша әкелу режимі қолданылады.

**III тарау**

**Өзге ережелер**

**3-бап**

1. Осы қосымшада көзделген жеңілдіктерді пайдалану мүмкіндігін алу үшін:

а) жеке мүлікті туристің өзі әкелуге немесе оның багажында (бірге алып жүретін немесе бірге алып жүрмейтін) әкелінуге тиіс;

б) спортпен шұғылдану мақсатында әкелінетін тауарлар уақытша әкелу аумағынан тыс құрылған немесе тұратын адамға тиесілі болуы тиіс және олардың болжамды пайдалану тұрғысынан ақылға қонымды мөлшерде әкелінуге тиіс.

**4-бап**

1. Жеке мүлікті уақытша әкелуге кеден құжатын көрсетусіз және кепілдікті белгілеусіз рұқсат беріледі. Алайда, әкелу баждары мен алымдарының үлкен сомасын төлеумен ұштасқан заттар әкелінген жағдайда кеден құжаты мен кепілдікті белгілеуді көрсетуді талап етуге жол беріледі.

2. Мүмкіндігіне қарай, спортпен шұғылдану мақсатында әкелінетін тауарларға қатысты кеден құжаты мен кепілдіктің орнына кері экспорттаудың жазбаша міндеттемесімен бірге тауарлардың тізімдемесі қабылдануы мүмкін.

## 5-бап

1. Жеке мүлік, уақытша әкелуді жүзеге асырған адам уақытша әкелу аумағынан кететін сәттен кешіктірмей кері әкетуге жатады.
2. Спортпен шұғылдану мақсатында әкелінетін тауарларды кері экспорттау мерзімі уақытша әкелу күнінен бастап кемінде он екі айды құрауға тиіс.

## 6-бап

Аталған қосымшаға толықтырулар оның ажырамас бөлігі ретінде қарастырылуы тиіс.

## 7-бап

Аталған қосымша күшіне енгеннен кейін осы Конвенцияның 27-бабына сәйкес аталған қосымшаны қабылдаған және осы Конвенция бойынша Уағдаласушы Тараптар болып табылатын Уағдаласушы Тараптар арасындағы қарым-қатынастарды регламенттеу тұрғысында Туризмге қатысты кедендік жеңілдіктерге қатысты конвенцияның, Нью-Йорк, 1954 жылғы 4 маусым, 2 және 5-баптарының күшін жояды және алмастырады.

## I толықтыру

## Жеке мүлік Иллюстрациялық тізім

1. Заттар.
2. Туалет бұйымдары.
3. Жеке қымбат бағалы заттар.
4. Ақылға қонымды көлемнен аспайтын мөлшерде таспаларымен және оларға керек-жарақтарымен бірге фото- және кинокамералар.
5. Қажеттіліктің ақылға қонымды көлемінен аспайтын мөлшердегі диапозитивтерімен немесе таспаларымен бірге алып жүрілетін диапроекторлар немесе кинопроекторлар мен оларға керек-жарақтар.
6. Қажеттіліктің ақылға қонымды көлемінен аспайтын мөлшердегі таспаларымен бірге бейнекамералар мен алып жүретін бейнемагнитофондар.
7. Алып жүретін музыкалық аспаптар.
8. Жазбалары бар алып жүретін граммофондар.
9. Таспалары бар алып жүретін магнитофондар мен дыбыс шығаруға арналған құралдар (оның ішінде, диктофондар).
10. Алып жүретін радио қабылдағыштар.

11. Алып жүретін теледидарлар.
12. Алып жүретін жазу машинкалары.
13. Алып жүретін калькуляторлар.
14. Алып жүретін жеке компьютерлер.
15. Дүрбілер.
16. Бала арбалары.
17. Мүгедектерге арналған кресло-арбалар.

18. Спорттық керек-жабдықтар, мысалы, күркелер және басқа да туристік керек-жабдықтар, балық аулауға арналған керек-жабдықтар, жоғары өрмелеуге арналған керек-жабдықтар, сүңгуірлік керек-жабдықтар, оқ-дәрісі бар спорттық атыс қарулары, моторсыз велосипедтер, ұзындығы кемінде 5,5 метр каноэ немесе байдаркалар, шаңғылар, теннис қалақтары, серфингке арналған тақтайлар, виндсирферлер, дельтапландар және үш бұрышты қанаттар, гольф ойнына арналған керек-жабдықтар.

19. Диализге арналған алып жүретін аппаратура және осыған ұқсас медициналық аппаратура, сондай-ақ онымен бірге пайдалану үшін әкелінетін бір рет қолданылатын заттар.

20. Өзге де тек жеке сипаттағы заттар.

## II толықтыру

## Спортпен шұғылдану мақсатында әкелінетін тауарлар
## Иллюстрациялық тізім

A. Тректер мен ойын алаңдары үшін жабдықтар, мысалы:
- барьер-кедергілер;
- лақтыратын найзалар, дисктер, сырықтар, ядролар, балғалар.

B. Доппен ойнауға арналған керек жабдықтар, мысалы:
- кез келген түрдегі доптар;
- қалақтар, доптаяқтар, сақалар, таяқтар және сол сияқтылар;
- кез келген түрдегі торлар;
- қақпа бағаналары.

C. Қысқы спорт түрлерімен шұғылдануға арналған жабдықтар, мысалы:
- шаңғылар мен таяқтар;
- конькилер;
- бобслейге арналған шаналар;
- керлингке арналған керек-жабдықтар.

D. Спорттық киімдер, аяқ-киімдер, биялайлар, бас киімдер және т.б. кез келген түрлер.

E. Су спорты түрлеріне арналған керек-жабдықтар, мысалы:
- каноэ және байдаркалар;
- желкенді және еспелі қайықтар, желкендер, ескектер және байдаркалық ескектер;
- серфингке арналған тақтайлар мен желкендер.
F. Моторлы көлік құралдары мен кемелер, мысалы:
- машиналар;
- моторлы велосипедтер;
- моторлы қайықтар.
G. Өзге де іс-шараларға арналған жабдықтар, мысалы:
- спорттық қару және оқ-дәрілер;
- моторсыз велосипедтер;
- садақ және жебелер;
- семсерлесуге арналған керек-жабдықтар;
- гимнастикалық снарядтар;
- компастар;
- күреске және татамиге арналған төсеніштер;
- ауыр салмақтарды көтеруге арналған керек-жабдықтар;
- атқа салт мініп жүруге арналған керек-жабдықтар, бір орындық аяқ арбалар;
- дельтапландар, үш бұрышты қанаттар, виндсерферлер;
- жоғары өрмелеуге арналған керек-жабдықтар;
- ойын-сауықты сүйемелдеуге арналған фонограммалары бар музыкалық үн-таспалар.
H. Қосымша жабдықтар, мысалы:
- бақылау-өлшегіш жабдықтар және есепті көрсетуге арналған электронды таблолар ;
- қан және зәр анализдеріне арналған аппаратура.

**B.7 қосымшасы**

**Туристік жарнамалық материалдар туралы**

**I тарау**

**Анықтамалар**

**1-бап**

Аталған қосымшаны қолдану мақсатында «туристі-жарнамалық материал» термині:

Көпшілікті басқа шет елге, атап айтқанда онда өткізілетін мәдени, діни, туристік, спорттық немесе кәсіби тақырыптарға байланысты кездесулерге немесе іс-шараларға қатысу үшін баруға шақыру мақсатында әкелінетін тауарларды білдіреді. Мұндай материалдың үлгі тізбесі аталған қосымшаның Толықтыруында көрсетілген.

## II тарау

## Қолданылу саласы

### 2-бап

Тікелей импорты әкелу баждары мен алымдарын төлеместен жүзеге асырылатын аталған қосымшаның 5-бабында аталған материалды қоспағанда, туристік жарнамалық материалға аталған Конвенцияның 2-бабына сәйкес уақытша әкелу рәсімі қолданылады .

## III тарау

## Өзге ережелер

### 3-бап

Осы қосымшада көзделген жеңілдіктерді пайдалану мүмкіндігін алу үшін туристік жарнамалық материал уақытша әкелу аумағынан тыс құрылған немесе тұратын адамға тиесілі болуға тиіс және олар болжамды пайдалану тұрғысынан ақылға қонымды мөлшерде әкелінуге тиіс.

### 4-бап

Туристік жарнамалық материалды кері экспорттау мерзімі әкелу күнінен бастап кемінде он екі айды құрауға тиіс.

### 5-бап

Әкелу баждары мен алымдарын төлеместен тікелей импорт мынадай жарнамалық материалға рұқсат етіледі:

(а) Бұл құжаттарда 25% аспайтын коммерциялық жарнама және анық жалпы таныстыру мақсаттары үшін арналған болуы шартымен, тегін таратуға арналған

құжаттар (папкалар, кітапшалар, кітаптар, журналдар, анықтамалықтар, рамкалы және рамкасыз плакаттар, рамкасыз фотографиялар және үлкейтілген фотографиялар, карталар, иллюстрацияланған немесе иллюстрацияланылмаған кадрлардың басып шығарылған диапозитивтері);

(b) Оларды жариялауды ресми туристік агенттіктер жүзеге асырған немесе қаржыландырған шетел қонақ үйлерінің тізімдері мен жылнамалары, сондай-ақ, егер мұндай құжаттар тегін таратуға арналған және онда 25% аспайтын коммерциялық жарнама болса шекарадан тыс жұмыс істейтін көлік қызметтерінің жұмыс кестелері;

(c) Аккредиттелген өкілдерге немесе уәкілетті мемлекеттік ресми туристік агенттіктер тағайындаған тілшілерге жіберілген, кең таратуға арналмаған техникалық материал, яғни, жылнамалар, телефон анықтамалары, қонақ үйлердің тізімдері, жәрмеңкелердің каталогтары, құны мардымсыз қол жұмыстарының үлгілері, мұражайлар, университеттер, шипажайлар және осы сияқты мекемелер туралы құжаттама.

### 6-бап

Аталған қосымшаға Толықтыру оның ажырамас бөлігі болып табылады.

### 7-бап

Аталған қосымша күшіне енгеннен кейін осы Конвенцияның 27-бабына сәйкес аталған қосымшаны қабылдаған және аталған Хаттама бойынша Уағдаласушы Тараптар болып табылатын Уағдаласушы Тараптар арасындағы қарым-қатынастарды регламенттеу тұрғысында Туризмге қатысты кедендік жеңілдіктерге қатысты конвенцияға, Нью-Йорк, 1954 жылғы 4 маусым, туристік жарнамалық құжаттар мен материалды әкелуге қатысты қосымша Хаттамасының күшін жояды және алмастырады .

### Толықтыру

### Туристік жарнамалық материал

### Үлгі тізбе

1. Аккредиттелген өкілдердің немесе уәкілетті ресми мемлекеттік туристік агенттіктер тілшілерінің офистерінде немесе өзге де орындарда (уақытша әкелу аумағы кеден органының тиіс санкциясын алуы шартымен) көрсетуге арналған материал: иллюстрациялар мен сызбалар, рамкадағы фотографиялар және үлкейтілген

фотографиялар, өнер жөніндегі кітаптар, кескіндеме, нақыштама немесе литография туындылары, мүсіндер мен сәндік маталар және өзге де осыған ұқсас өнер туындылары .

2. Осындай көрсетулерге қажетті электр және механикалық жабдықтарды қоса алғанда, көрсету материалы (көрмелер, стендтер және осы сияқты заттар).

3. Коммерциялық жарнама болып табылатын және уақытша әкелу аумағында еркін сатуға арналған заттарды қоспағанда, өтеусіз негізде көрсетілетін қойылымдар барысында пайдалануға арналған деректі фильмдер, жазбалар, магниттік таспадағы жазбалар және өзге де дыбыс жазбалары.

4. Саны мөлшері ақылға қонымды қажеттіліктен аспайтын тулар.

5. Диорамалар, масштабты үлгілер, диапозитивтер, клише, фотонегативтер.

6. Саны мөлшері ақылға қонымды қажеттіліктен аспайтын ұлттық кәсіптер және қолөнер бұйымдарының үлгілері, жергілікті костюмдер және халық шығармашылығының осы сияқты өнімдері.

**B.8 қосымшасы**

**Шекаралық тасымалдау шеңберінде әкелінетін тауарлар туралы**

**I тарау**

**Анықтамалар**

1-бап. Осы қосымшаны қолдану шеңберінде:

(а) «шекаралық тасымалдау шеңберінде әкелінетін тауарлар» термині:

- шекара маңы аймағының тұрғындары өзінің кәсіби қызметін (дәрігерлер, қолөнершілер және т.б.) жүзеге асыру шеңберінде немесе сауда жасау мақсатында тасымалдаған тауарлар;

- олар жөндеу, өндіру немесе өңдеу үшін әкелген шекаралық аймақ тұрғындарының жеке мүлкі немесе үй жасау-жабдықтары;

- уақытша әкелу аумағының шекаралық аймағы шегінде орналасқан учаскеде топырақты өңдеуге арналған жабдық;

- көмек көрсету жөніндегі операцияға (өрт, топан су және т.б.) байланысты әкелінген ресми органға тиесілі жабдық дегенді білдіреді;

(b) «шекаралық аймақ» термині:

шектері ішкі заңнамада айқындалған және оның шекаралары тасымалдаудың өзге түрлерінен шекаралықты айыру мақсатында қызмет атқаратын құрлықтағы шекарамен аралас кедендік аумақтың ауданын білдіреді;

(с) «шекаралық аймақтың тұрғындары» термині: шекаралық аймақтың шегінде орныққан немесе тұратын адамдарды білдіреді;

(d) «шекаралық тасымалдау» термині: екі шектес шекаралық аймақтың арасында шекаралық аймақтың тұрғындары жүзеге асыратын әкелу дегенді білдіреді.

## II тарау

## Қолданылу саласы

### 2-бап

Осы Конвенцияның 2-бабына сәйкес шекаралық тасымалдау шеңберінде әкелінетін тауарларға уақытша әкелу рәсімі қолданылады.

## III тарау

## Өзге ережелер

### 3-бап

Осы қосымшада көзделген жеңілдіктерді пайдалану мүмкіндігін алу үшін:

(a) шекаралық тасымалдау шеңберінде әкелінетін тауарлар уақытша әкелу аумағының шекаралық аймағымен аралас шекаралық аймақтың тұрғынына тиесілі болуға тиіс;

(b) топырақты өңдеуге арналған жабдықты уақытша әкелу аумағының шекаралық аймағында орналасқан учаскеде жұмыс істейтін уақытша әкелу аумағымен аралас шекаралық аймақтың тұрғындары пайдалануға тиіс. Бұл жабдық ауыл шаруашылығы немесе мысалы, ағашты түсіру немесе тасымалдау сияқты орман шаруашылығы жұмыстарын жүзеге асыру үшін, немесе балық шаруашылығы үшін пайдаланылуға тиіс ;

(c) жөндеу, өндіру немесе өңдеу мақсатына арналған шекаралық тасымалдау тек коммерциялық емес сипатта болуға тиіс.

### 4-бап

1. Шекаралық тасымалдау шеңберінде әкелінетін тауарларды уақытша әкелуге кедендік құжат көрсетілусіз және кепілдік белгіленусіз рұқсат етіледі.

2. Әрбір Уағдаласушы Тарап тізімдеме мен олардың кері экспорты туралы жазбаша міндеттеме ұсыну шартымен шекаралық тасымалдау шеңберінде әкелінетін тауарларды уақытша әкелуді жүзеге асыру мүмкіндігін ұсынуға құқылы.

3. Уақытша әкелуге кеден органы жүргізетін тиіс журналға жазба енгізу шартымен де рұқсат берілуі мүмкін.

## 5-бап

1. Шекаралық тасымалдау шеңберінде әкелінетін тауарларды кері экспорттау мерзімі уақытша әкелу күнінен бастап кемінде он екі айды құрауға тиіс.

2. Топырақты өңдеуге арналған жабдық жұмыстар аяқталғаннан кейін тікелей кері экспортталуға тиіс.

## В.9 қосымшасы

## Ізгілік мақсаттар үшін әкелінетін тауарлар туралы

## І тарау

## Анықтамалар

## 1-бап

Осы қосымшаны қолдану шеңберінде:

(а) «ізгілік мақсаттар үшін әкелінген тауарлар» термині:

медициналық, хирургиялық және зертхана жабдығын, көмек жеткізуді білдіреді.

(b) «көмек жеткізу» термині:

жер үсті көлік құралдарын және басқа да көлік құралдарын, киімдерді, көрпелерді, күркелерді, жиналатын үйлерді немесе дүлей зілзаладан зардап шеккендерге көмек түрінде жіберілетін басқа да бірінші қажеттіліктегі тауарларды қоса алғанда, барлық тауарларды білдіреді.

## ІІ тарау

## Қолданылу аясы

## 2-бап

Осы Конвенцияның 2-бабына сәйкес ізгілік мақсаттар үшін әкелінетін тауарларға уақытша әкелу рәсімі қолданылады.

## III тарау

## Өзге ережелер

## 3-бап

Осы қосымшада көзделген жеңілдіктерді пайдалану мүмкіндігін алу үшін:

(a) ізгілік мақсаттар үшін әкелінетін тауарлар уақытша әкелу аумағынан тыс орналасқан немесе тұратын адамға тиесілі болуға және уақытша пайдалануға қайтарымсыз негізде беруге тиіс;

(b) аталған жабдық уақытша әкелу аумағында жеткілікті мөлшерде болмауы шартымен, медициналық, хирургия және зертхана жабдығы айрықша жағдайда бола тұрып, оған өткір мұқтаж болатын госпитальдарда және басқа да медициналық мекемелерде пайдалануға арналуға тиіс;

(c) көмекті жеткізу уақытша әкелу аумағының құзыретті органдары уәкілеттік берген адамдарға жіберуге тиіс.

## 4-бап

1. Мүмкіндігіне қарай медициналық, хирургия және зертхана жабдығына қатысты кедендік құжат пен кепілдік орнына кері экспорттаудың жазбаша міндеттемесімен бірге тауарлардың тізімдемесі қабылдануы мүмкін.

2. Көмек жеткізуге уақытша әкелу режимі кедендік құжат көрсетілусіз және кепілдік белгіленусіз ұсынылады. Алайда кеден органдары кері экспорттаудың жазбаша міндеттемесімен бірге тауарлардың тізімдемесін көрсетуді талап етуі мүмкін.

## 5-бап

1. Медициналық, хирургия және зертхана жабдығының кері экспорттау мерзімі оған мұқтаждыққа сәйкес айқындалуға тиіс.

2. Көмек жеткізуді кері экспорттау мерзімі уақытша әкелу күнінен бастап кемінде он екі айды құрауға тиіс.

## С қосымшасы

**Көлік құралдары туралы**

**І тарау**

**Анықтамалар**

**1-бап**

Осы қосымшаны қолдану шеңберінде төменде келтірілген терминдер мынадай мағыналарды білдіреді:

(a) «көлік құралдары» термині:

кез келген су көлігі құралдарын (өздігінен жүретін және өздігінен жүрмейтін лихтерлерді және баржаларды, сондай-ақ су асты қанаттары бар кемелерді қоса алғанда ), ауа жастығындағы кемелер, әуе кемелері, жол көлік құралдарын (моторлы велосипедтерді, тіркемелерді, жартылай тіркемелерді және құрастырылған көлік құралдарын қоса алғанда), сондай-ақ көлік құралдарының бортындағы олардың стандартты қосалқы бөлшектерінің жиынтығымен, керек-жарақтарымен және жабдығымен бірге (жүкті түсіруге, тиеуге, тасымалдауға және қорғауға арналған арнайы жабдықты қоса алғанда) теміржол жылжымалы құрамын білдіреді;

(b) «коммерциялық қолдану» термині:

адамдарды сыйақы үшін тасымалдауды немесе тауарларды сыйақы үшін немесе тегін өнеркәсіптік немесе коммерциялық тасымалдауды білдіреді;

(c) «жеке пайдалану» термині:

коммерциялық пайдаланудан басқа, тиіс адамдардың тек жеке пайдалануы үшін ғана тасымалдауды білдіреді;

(d) «ішкі тасымал» термині:

уақытша әкелу аумағында алынған немесе тиелген және осы аумақтың шегінде орналасқан жерде түсірілген адамдарды немесе тауарларды тасымалдауды білдіреді;

(e) «стандартты бактар» термині:

өндірушілер қаралып отырған көлік құралдары сияқты түрдегі барлық көлік құралдары үшін шығарған, тұрақты қондырыла отырып көлік құралдарын қозғалысқа келтіру үшін және қажет болған жағдайда, тасымалдау кезінде салқындату жүйесінің немесе басқа жүйелердің жұмыс істеуі үшін пайдаланылатын отынды беруді тікелей жүзеге асыруға мүмкіндік беретін бактарды білдіреді. Көлік құралдарына орнатылған және отынның басқа да түрлерін тікелей беруге арналған бактар да және көлік құралдары жарақтандырылуы мүмкін басқа да жүйелерде орнатылған бактар да стандартты бактар ретінде қарастырылуға тиіс.

## II тарау

## Қолданылу аясы

### 2-бап

Осы Конвенцияның 2-бабына сәйкес мыналарды уақытша әкелуге жол беріледі:
(a) коммерциялық немесе жеке пайдалануға арналған көлік құралдары;
(b) бұрын баж төленбестен уақытша әкелінген көлік құралдарын жөндеу үшін әкелінетін қосалқы бөлшектер мен жабдықтар. Осы Конвенцияның 14-бабының ережелеріне сәйкес оларға билік ету жағдайларын қоспағанда, кері экспортталмайтын ауыстырылған бөлшектер мен жабдықтар импорттық баждар мен салықтар салуға жатады.

### 3-бап

Қажеттілік сапар кезінде немесе уақытша әкелу аумағында туындаған және уақытша әкелу кезеңінде жүзеге асырылатын, көлік құралдарына ағымдағы техникалық қызмет көрсету мен жөндеу осы Конвенцияның 1-бабының (a) тармағының тұрғысында берілген түсініктің мәнін өзгертуге әкеп соқтырушы ретінде қаралмауға тиіс.

### 4-бап

1. Уақытша әкелінетін көлік құралдарының стандартты бактарындағы отынды, сондай-ақ, әдетте осындай көлік құралдары үшін пайдаланылатын жағар майларды әкелуге әкелу баждары мен алымдарын төлеусіз, сондай-ақ импортқа тыйым салулар мен шектеулерді қолданусыз жол беріледі.
2. Коммерциялық мақсаттарда пайдаланылатын жол көлік құралдарына уақытша әкелуді ресімдеу кезінде әрбір Уағдаласушы Тарап оның аумағына мұндай уақытша әкелінетін жол көлік құралдарының стандартты бактарына қолданылатын импорттық баждар мен салықтарды төлеусіз, сондай-ақ импортқа тыйым салулар мен шектеулерді қолданусыз әкелінуі мүмкін отынның ең көп мөлшерін айқындауға құқылы.

## III тарау

## Өзге ережелер

## 5-бап

Осы қосымшада көзделген жеңілдіктерді пайдалану мүмкіндігін алу үшін:

(a) коммерциялық пайдалануға арналған көлік құралдары уақытша әкелу аумағынан өзге аумақта, уақытша әкелу аумағынан бөлек аумақта құрылған немесе тұратын адамның атына тіркелуге тиіс, сондай-ақ осындай аумақта тұратын адамдар әкелуге және пайдалануға тиіс;

(b) жеке пайдалануға арналған көлік құралдары уақытша әкелу аумағынан өзге аумақта, уақытша әкелу аумағынан бөлек аумақта құрылған немесе тұратын адамның атына тіркелуге тиіс, сонымен қатар, сондай-ақ, осындай аумақта тұратын адамдар әкелуге және пайдалануға тиіс.

## 6-бап

Көлік құралдарын уақытша әкелуге кедендік ресімдемесіз немесе талап етілетін қамтамасыз өтеусіз жол беріледі.

## 7-бап

Осы қосымшаның 5-бабының ережелеріне қарамастан:

(a) коммерциялық пайдалануға арналған көлік құралдарын, егер олар уақытша әкелу аумағында құрылса немесе тұрса және уақытша әкелуге құқығы бар адамдар тиісті түрде уәкілеттік берген және олардың атынан қызмет ететін үшінші тұлғалар пайдалануы мүмкін;

(b) жеке пайдалануға арналған көлік құралдарын уақытша әкелуге құқығы бар адамдар тиісті түрде уәкілеттік берген үшінші тұлғалар пайдалануы мүмкін. Әрбір Уағдаласушы Тарап, атап айтқанда, егер көлік құралы уақытша әкелуге құқығы бар адамның атынан және тапсырмасы бойынша пайдаланылса, оның аумағында тұратын адамдардың осындай пайдалануына жол бере алады.

## 8-бап

Әрбір Уағдаласушы Тарап уақытша әкелу артықшылығынан бас тартуға немесе бұл артықшылықты:

(a) ішкі тасымалдауларда пайдаланылатын коммерциялық пайдалануға арналған көлік құралдарына;

(b) ішкі тасымалдауларда коммерциялық пайдалану үшін пайдаланылатын жеке пайдалануға арналған көлік құралдарына;

(c) әкелінгеннен кейін жалға алынған немесе жалға алынған болып әкелінген, дереу кері экспорттан басқа мақсатпен қайта жалға алынған немесе қосалқы жалға берілген көлік құралдарына қатысты жоюға құқылы.

## 9-бап

1. Коммерциялық пайдалануға арналған көлік құралдары олар сол үшін әкелінген көлік операциялары аяқталғаннан кейін тікелей кері экспортталуға тиіс.

2. Жеке пайдалануға арналған көлік құралдары уақытша әкелу аумағында үздіксіз немесе әрбір он екі айлық кезеңнің алты айы ішінде үзілістермен бола алады.

## 10-бап

Әрбір Уағдаласушы Тарап осы Конвенцияның 29-бабына сәйкес:

(a) егер, бұл жол көлік құралдарын және теміржол жылжымалы құрамдарын уақытша әкелуге қатысты болса, осы қосымшаның 2-бабының (a) тармақшасына;

(b) егер, бұл коммерциялық пайдалануға арналған жол көлік құралдарына және жеке пайдалануға арналған көлік құралдарына қатысты болса 6-бапқа қатысты ескерту жасауға құқылы.

## 11-бап

Осы қосымша күшіне енгеннен кейін осы Конвенцияның 27-бабына сәйкес ол осы қосымшаны қабылдаған және осы Конвенциялар бойынша Уағдаласушы Тараптар болып табылатын Уағдаласушы Тараптар арасындағы қарым-қатынастарды регламенттеу тұрғысында Жеке жол көлік құралдарын уақытша әкелу туралы кеден конвенциясының, Нью-Йорк, 1954 жылғы 4 маусым, Коммерциялық жол көлік құралдарын уақытша әкелу туралы кеден конвенциясының, Женева, 1956 жылғы 18 мамыр және Жеке пайдалануға арналған ұшақтарды және серуендеу катерлерін уақытша әкелу туралы кеден конвенциясының, Женева, 1956 жылғы 18 мамыр, күшін жояды және алмастырады.

## В қосымшасы

## Жануарлар туралы

## І тарау

**Анықтамалар**

**1-бап**

Осы қосымшаны қолдану шеңберінде төменде келтірілген терминдер мынадай мағыналарды білдіреді:

(a) «жануарлар» термині:
кез келген түрдегі тірі жануарларды білдіреді;

(b) «шекаралық аймақ» термині:
шегі ұлттық заңнамада айқындалған және оның шекаралары шекаралық тасымалдауды олардың басқа түрлерінен айыру үшін қызмет атқаратын құрлықтағы шекарамен шектес кедендік аумақтың учаскесін білдіреді;

(c) «шекаралық аймақтың тұрғындары» термині:
шекаралық аймақтың шегінде орныққан немесе тұратын адамдарды білдіреді;

(d) «шекаралық тасымалдау» термині:
екі шектес шекаралық аймақтың арасында шекаралық аймақтың тұрғындары жүзеге асыратын әкелуді білдіреді.

**II тарау**

**Қолданылу аясы**

**2-бап**

Осы қосымшаға Толықтыруда көрсетілген мақсаттарда әкелінген жануарларға осы Конвенцияның 2-бабына сәйкес уақытша әкелу рәсімі қолданылады.

**III тарау**

**Өзге ережелер**

**3-бап**

Осы қосымшада көзделген жеңілдіктерді пайдалану мүмкіндігін алу үшін:

(a) жануарлар уақытша әкелу аумағынан тыс орналасқан немесе тұратын адамға тиесілі болуға тиіс;

(b) уақытша әкелу аумағының шекаралық аймағы шегінде орналасқан учаскеде

пайдалануға арналған жүк тартатын жануарларды әкелуді уақытша әкелу аймағымен шектес шекаралық аймақтың тұрғындары жүзеге асыруға тиіс.

## 4-бап

1. Осы қосымшаның 3-бабының (b) тармағында аталған жүк тартатын жануарларды, сондай-ақ шекаралық аймақтың шегінде орналасқан учаскедегі жаңа жайылымдарға маусымдық айдау немесе жайылым шөбінде бордақылау мақсатында әкелінген жануарларды уақытша әкелу кедендік ресімдеусіз немесе талап етілетін қамтамасыз етусіз жүзеге асырылады.

2. Әрбір Уағдаласушы Тарап тізімдеме мен олардың кері экспорты туралы жазбаша міндеттемені ұсыну шартымен осы Баптың 1-тармағында айтылған жануарларды уақытша әкелуді жүзеге асыру мүмкіндігін ұсынуға құқылы.

## 5-бап

1. Әрбір Уағдаласушы Тарап осы Конвенцияның 29-бабына сәйкес осы қосымшаның 4-бабының 1-тармағына қатысты ескерту жасауға құқылы.

2. Әрбір Уағдаласушы Тарап осы Конвенцияның 29-бабына сәйкес осы қосымшаға Толықтырудың 12 және 13-тармақтарына қатысты ескерту жасауға құқылы.

## 6-бап

Жануарларды кері экспорттау уақытша әкелген күннен бастап он екі айдың ішінде жүзеге асырылуға тиіс.

## 7-бап

Осы қосымшаға Толықтыру оның ажырамас бөлігі ретінде қарастырылуға тиіс.

## Толықтыру

## 2-бапқа тізбе

1. Жылқыларға бас білдіру
2. Үйрету
3. Мал өсіру
4. Тағалау немесе өлшеу
5. Ветеринариялық емдеу
6. Тексеру (мысалы, сатып алу мақсатында)
7. Шоуларға, көрмелерге, жарыстарға, сайыстарға немесе көрсетулерге қатысу

8. Ойын-сауық іс-шаралары (цирк жануарлары және т.б.)
9. Туризм (туристерге тиесілі үй жануарларын қоса алғанда)
10. Міндеттерді орындау (полиция иттері немесе жылқылары; ізшіл иттер, жетектеп жүретін иттер және т.б.)
11. Құтқару операциялары
12. Жануарларды маусымдық айдау немесе жайылым шөбінде бордақылау мақсатында айдау
13. Жұмысты орындау және тасымалдау
14. Медициналық мақсаттар (жылан уын өндіру және т.б.)

## Е қосымшасы

## Әкелу баждары мен алымдарын төлеуден ішінара босатылып әкелінетін тауарлар туралы

### I тарау

### Анықтамалар

#### 1-бап

Осы қосымшаны қолдану шеңберінде төменде келтірілген терминдер мынадай мағыналарды білдіреді:

(a) «ішінара босатылып әкелінген тауарлар» термині: осы Конвенцияның басқа қосымшаларында аталған, бірақ импорттық баждар мен салықтардан толық босатылып уақытша әкелудің барлық шарттарына жауап бермейтін тауарларды, сондай-ақ басқа қосымшаларда аталмаған және уақытша пайдалану үшін, мысалы өндірістік немесе жұмыс жобалары үшін әкелінетін тауарларды білдіреді;

(b) «ішінара босату» термині: тауарларды еркін айналымға шығару кезінде төлеуге жататын және тауарларды уақытша әкелу рәсімімен орналастырған күнге есептелген әкелу баждары мен алымдары жалпы сомасының бір бөлігін төлеуден босатуды білдіреді.

### II тарау

### Қолданылу аясы

**2-бап**

Осы қосымшаның 1-бабының (а) тармағында аталған тауарларға осы Конвенцияның 2-бабында көзделген ішінара босатылып уақытша әкелу қолданылуға тиіс.

**III тарау**

**Өзге ережелер**

**3-бап**

Ішінара босатылып әкелінетін тауарларға осы бапта көзделген жеңілдіктер қолданылуы үшін олар уақытша әкелу аумағынан тыс орналасқан немесе тұратын адамға тиесілі болуға тиіс.

**4-бап**

Әрбір Уағдаласушы Тарап ішінара босатылып уақытша әкелінуі мүмкін/мүмкін емес тауарлардың тізбесін айқындай алады. Осы Конвенцияның депозитарийі бұл тізбелердің мазмұны туралы хабардар етілген болуға тиіс.

**5-бап**

Аталған рәсімге сәйкес төлеуге жататын әкелу баждары мен салықтарының сомасы әрбір ай немесе тауарлар уақытша әкелу рәсімімен орналастырылған айдың бір бөлігі үшін 5 %-дан аспауға тиіс.

**6-бап**

Әкелу баждары мен салықтарының төлеуге жататын сомасы қандай жағдайда да аталған тауарларды еркін айналымға шығару кезінде төлеуге жататын және тауарларды уақытша әкелу рәсімімен орналастырған күнге есептелген сомадан аспауға тиіс.

**7-бап**

1. Әкелу баждары мен салықтарының осы қосымшада көзделген сомасы аталған рәсімге сәйкес тауарлар шығару кезінде құзыретті органдарға төленуге тиіс.
2. Егер осы Конвенцияның 13-бабына сәйкес уақытша әкелу рәсімі тауарларды еркін айналымға шығарумен аяқталса, кез келген әкелу баждары мен салықтарының

ішінара босату шартымен енгізіліп қойылған, ішінара босату кезінде өндіріп алынған сомасы тауарларды еркін айналым үшін шығару кезінде төлеуге жататын әкелу баждары мен салықтарының сомасынан шегеріліп тасталуға тиіс.

## 8-бап

Ішінара босатылып әкелінген тауарларды кері экспорттау осы қосымшаның 5 және 6-баптарында көзделген мерзімдерде жүзеге асырылуға тиіс.

## 9-бап

Осы Конвенцияның 29-бабына сәйкес әрбір Уағдаласушы Тараптың әкелу баждарынан ішінара босатуға қаншалықты қатысы болса, сол шамада осы қосымшаның 2-бабына қатысты ескерту жасау құқығы болуға тиіс.

РҚАО-ның ескертпесі. Бұдан әрі Конвенцияның мәтіні француз және ағылшын тілдерінде берілген.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК